

3

Сырдың тұңғыш төл арнасы



7

Адал еңбектің тәтті жемісі



Сыр бойы

№63-64 (21138-21139) 1 мамыр, жұма 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

Бүгін - Қазақстан халқының бірлігі күні

/// САЛТАНАТТЫ ШАРА

БЕРЕКЕ МЕРЕКЕСІ



Кеше «Өнер орталығында» 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне арналған «Қазақстан – достықтың мекені» атты салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, құқық қорғау органдарының басшылары, зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы өңір тұрғындарын бейбітшіліктің, келісімнің мерейлі мерекесімен құттықтады.

– Мемлекет басшысының бастамасымен, халықтың қолдауымен қабылданған жаңа Конституциямызға сәйкес, қоғам мен билік арасындағы байланысты нығайту мақсатында елімізде Халық кеңесі институты құрылуда.

Бұл бастама тұрғындарымыздың ұсыныс-пікірін ескеріп, елдік мәселелерді жұртшылықпен бірге талқылауға негізделген әділетті қоғам қалыптастырудың маңызды тетігі болмақ.

Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, жұдырықтай жұмыла білгеннің арқасында ортақ мүдде жолындағы қиындықтарды қайыспай көтеріп, қуанышымызды бірге бөлісіп, ақ ниетімізді, асыл қасиеттерімізді та-

нытып келеміз. Бұл – тілі басқа болса да тілегі бір, жүзі басқа болса да жүрегі бір жұртымыздың айнымас бірлігінің дәлелі.

Еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығына орай «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясының демеушілігімен қаламызда 3 млрд 800 млн теңгеге салынған «Достық үйінің» заманауи, сәулетті, жана ғимараты ел игілігіне табысталды. Бұл – аймағымыздың бірлігі мен ынтымағын нығайтуға атсалысқан этномәдени бірлестіктер мен Ассамблея белсенділері үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етілген заманауи ғимарат.

2-бет

/// ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫНЫҢ ПӘРМЕНИ

ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ МЕКЕНІ



Бүгінде «Достық үйі» өңірдегі қоғамдық келісім мен этносаралық татулықтың басты орталығына айналып отыр. Ғимараттың іргетасы былтыр 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні қаланды. Бұл бастама Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен жүзеге асты. Өткен жылы Қазақстан халқы Ассамблеясының 34-сессиясында өңірлерде «Достық үйлерін» салу жөнінде тапсырма берілген болатын. Осы бастаманы облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қолдап, жаңа нысанның құрылысына жол ашты.

Ал биыл 5 қантарда жаңа ғимарат қолданысқа берілді. Құрылысын «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК инвестициялық қолдауымен «Астана Сервис» компаниясы жүргізді. Жалпы аумағы 3 900 шаршы метр, үш қабатты заманауи нысан өңірдегі этномәдени бірлестіктердің тұрақты жұмыс істеуіне толық мүмкіндік беріп отыр.

Биыл 20 қантарда Қызылорда қаласындағы жаңа «Достық үйінде» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Ұлттық құрылтайдың бесінші отырысы өтті. Сыр өңірінде ұйымдастырылған алқалы жиында еліміздің ертеніне қатысты, әлеуметтік-мәдени даму, білім мен ғылым, экономика, азаматтық

қоғам және ұлттық бірегейлікті нығайту мәселелері талқыланды. Ұлттық құрылтайдың Қызылордада, соның ішінде жаңадан бой көтерген «Достық үйінде» өтуі де тегін емес. Тарихи кезеңмен сабақтасқан маңызды басқосу елдік мәселелерді талқылайтын ашық диалог алаңы ретінде өңірдің қоғамдық-саяси өміріне ерекше серпін берді.

8-бет

/// ӨРКЕН

ТҰРҒЫН ҮЙ ТАБЫСТАЛДЫ

Қазақстан халқының бірлігі күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен сол жағалауда жаңадан салынған көпқабатты тұрғын үй иелеріне табысталды. Оған құқық қорғау органдарының бірінші басшылары, облыстық мәслихат депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары, Ассамблея өкілдері, «Акса Энерджи Қызылорда» компаниясының қызметкерлері қатысты.



Жалпы 380 пәтерлік тұрғын үй кешенінің аумағы 24 мың шаршы метр, қалған үйлер биыл қазан айында тапсырылады.

Рәсімде аймақ басшысы жиналған жұртшылықты Қазақстан халқының бірлігі күнімен және қоныстоймен құттықтап, тұрғын үй құрылысы саласында атқарылған жұмыстарға тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Қазақ жерін мекен еткен сан алуан этностың мәдениеті, діні мен дәстүрі өзара үндесіп, бірегей өркеніетке айналды. Ырысты ынтымақтың арқасында халқымыздың қуаты арта түседі. Сондықтан біз бірлігімізді нығайтуға бар күш-жігерімізді жұмылдыруымыз керек. Бұл – әрбір азаматтың мәртебелі

міндеті әрі перзенттік парызы» деген болатын.

Айтулы мереке қарсаңында комфорт плюс санатындағы заманауи, жана үлгідегі «Тұран» кешенінің 7 қабатты алғашқы үйін пайдалануға беруге жиналды. Тұрғын үйді Президентіміздің қолдауымен қаламызда жаңа жылу-электр орталығын салған түрік инвесторы «Акса энерджи Қызылорда» компаниясының қызметкерлеріне салтанатты түрде табыстаудамыз.

Жаңа баспаналарыңыздың іргетасы берік, қабырғасы мығым, ішіндегі әр отбасының шаңырағы татулық пен берекеге толы болғай! Алдағы уақытта да компания ұжымы Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған серпінді жобаларды жүзеге асыра береді деп сенеміз. Баршаңыздың дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін! Қоныстарыңыз құтты болсын! – деді облыс әкімі.

Рәсімде құрылысшылар облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. «Құрмет», «Парасат» ордендерінің иегері Наждадин Түркенұлы жана қоныс иелерін құттықтады.

Айта кету керек, өңірде халықты баспанамен және әлеуметтік нысандармен қамтамасыз етуге бағытталған мемлекеттік саясат жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Кейінгі төрт жыл ішінде тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 8 мыңға жуық пәтер табысталды. 2023 жылдан бері барлық ауданда шамамен 1800 жана пәтер пайдалануға берілді. Биыл тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарға 2400 пәтер беру үшін бюджеттен 55 млрд 600 млн теңге бөлінді.

Кейінгі жылдары қала орталығында заманауи дизайнмен жеті, тоғыз және он екі қабатты тұрғын үйлер салынууда.

«СБ» ақпарат

/// МЕРЕЙ

«QYZYLORDA»: ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ hәм БҮГІНГІ БЕЛЕС

Кеше «Достық үйінде» «Qyzylorda» телеарнасының 35 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, «Қазақстан» Республикалық телерадио корпорациясы» акционерлік қоғамының бас редакторы Болат Мүрсәлім, Ақтөбе, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстық телеарналарының директорлары, мәслихат депутаттары және зиялы қауым өкілдері қатысты.

Аймақ басшысы телеарна ұжымын мерейтойымен құттықтап, өңірдің ақпараттық кеңістігін дамытуға қосқан елеулі үлесін атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Біз озық ойлы ұлт болуымыз қажет. Көш бастайтын

елдердің қатарына қосылуымыз керек. Бір ел болып, жұдырықтай жұмылсақ, бұл мақсатымызға міндетті түрде жетеміз. Осы ортақ жұмысқа журналистер қауымы да зор үлес қосып жүр. Сіздерді реформаның қозғаушы күші деп айтуға болады» деп атап өтті.



Суреттерді түсіріп Нұрболат НУРЖАУБАЙ

2-бет

Валюта бағамы \$ 461,55 kzt

€ 540,38 kzt

₸ 6,15 kzt

Ауа райы:

Жұма

+26°

+17°

Сенбі

+27°

+13°

БЕРЕКЕ МЕРЕКЕСІ

Баршанызды 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Егемен еліміздің енесі биік, Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болғай! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Салтанатты шарада бейбітшілік пен достықты нығайтуға, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосқан азаматтарға III дәрежелі «Барыс», «Парасат», «Құрмет» ордендері, «Ерен еңбегі үшін» медалі, ҚР Президентінің Алғысы және «Барыс» төсбелгісі, облыстың Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

1-бет

Мерекеде облыстық корейлер қауымдастығының «Хан» би ансамблі корей биі, «Славян» этномәдени бірлестігінің «Сударушки» вокалдық тобы «Праздники» әнін орындап, концерттік бағдарлама грузин биімен жалғасты.

Өңірде 11 этномәдени бірлестік пен 9 қоғамдық құрылым бар. Олар этносаралық татулықты нығайтуға, қоғамдық келісімді сақтауға және ел бірлігін бекемдеуге бағытталған маңызды бастамаларды жүзеге асырып келеді.

Ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топтың қатысуымен халықаралық ғылыми-танымдық



конференция, «Сыр елі – достық мекені» республикалық Ассамблея жастары форумы, «Достық керуені» байқауы және «Бірлігі бекем Сыр елі» республикалық форумы ұйымдастырылды.

Татар этномәдени бірлестігінің 35 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде аталып өтті. Шараға Татарстан Республикасынан арнайы қонақтар келіп, ел бірлігі мен шынайы достықтың маңызын айқындаған тағалымды басқосу болды.

Қызылордаға ерекше архитектуралық сән берген «Достық үйінің» жаңа ғимаратында этнос өкілдерінің жастарына арналған шығармашылық үйірмелері, медиация орталығы,

музей, Ассамблея жанындағы ғылыми сарапшылық топтар жұмыс істейді. Жаңа нысан азаматтық қоғам институттарының басын қосатын, жаңа бастамаларды дамытатын орталыққа айналды.

Барлық аудандағы жаңадан салынған «Руханият орталықтарынан» музей, кітапхана, архив, неке киоу залдары ашылған, ардагерлер мен аналар кеңесіне, оған қоса этномәдени бірлестіктерге, үкіметтік емес ұйымдарға да жабдықталған жұмыс кабинеттері берілген. Орталықтардағы «Қоғамдық келісім» кабинеттері этнос өкілдерінің мәдени-рухани сабақтастығын сақтауға қызмет етеді.

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ЕНГІЗУ МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде экономика салаларына жасанды интеллектті енгізу мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін осы және өзге де мәселелер талқыланды.

– Мемлекеттік қызметкерлердің жасанды интеллект дағдылары бойынша 100% оқудан өтуін бақылау керек. Денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысына цифрлық технологиялар мен жасанды интеллектті енгізу қарқынды жетілдіріледі. Жасанды интеллект көмегімен инсульттің алдын алуда нәтиже көрсеткен «Церебра» жобасын өңірімізде енгізу үшін зерделенген нақты ұсыныс берілді.

Құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алуда тәулік бойы жұмыс жүргізіп, рейдтік шараларды күшейту қажет. Интернет алаяқтықпен күресіп, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін кеңінен пайдаланып, тұрақты мониторинг жүргізу керек, – деді облыс әкімі.

Бұдан бөлек, аймақ басшысы инвестициялық жобаларды, бюджет қаражатының мақсатты әрі тиімді жұмсалуды, жол бойындағы нысандар мен жол белгілерінің жай-күйін бақылау, тазалықты күнделікті қадағалауды тапсырды.

Өңірде 2023 жылдан бері Қорқыт ата университеті базасында Сеул ұлттық ғылым және технология университетімен бірлесіп ашылған Жасанды интеллект институты жұмыс істейді. Онда 240 студент білім алады, түлектер өндіріс, білім беру, денсаулық сақтау және қызмет көрсету салаларына жасанды интеллектті енгізумен айналысады.

Қоғамдық қауіпсіздікті арттыруда 7 аудан орталығы мен Байқоңыр қаласында 616 бейнекамера, 54 жылдамдық өлшегіш орнатылған, облыс орталығында 1400 камера, 80 «зияткерлік қиылыс», 96 стационарлық құрылғы бар.

Биыл сәуір айынан бастап өңірлер арасында алғашқы болып 10 «Сұңқар» құрылғысы іске қосылды. Оның көмегімен қауіпсіздік белдігінің тағалымауы, жүргізушінің ұялы телефонмен сөйлесуі автоматты режимде анықталды. «Қазақтелеком» компаниясымен бірлесіп, қолданыстағы бейнебақылау камераларын Ұлттық бейнебақылау жүйесіне қосу жоспарланады.

Бас прокуратураның бастамасымен қолға алынған «Цифрлық қадағалау» пилоттық жобасы елімізде бірінші болып Қызылорда облысынан бастау алды. Желді әрекет ету орталығының «109 – Бірыңғай байланыс орталығы», «112 – Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік қызметі» ақпараттық жүйелерімен интеграция жүргізілді.

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Нәби Айжановпен кездесті. Кездесуде өңірдің энергетикалық инфрақұрылымын дамытуға бағытталған инвестициялық жобалар талқыланды.

– Мемлекет басшысының қолдауымен Қызылорда қаласында 240 мегаватт электр энергиясын өндіретін станция іске қосылды. Оның 176 мегаватт электр энергиясын өндіру қуаты пайдалануға берілді. Сонымен қатар, «Самұрық-Қазына» АҚ алдын ала құны шамамен 2 млрд АҚШ долларына бағаланған, қуаттылығы 1100 мегаватт және бу-газ қондырғылары мен 500 киловольттық электр желілерінің құрылысын жоспарлауда.

Өңірді электрмен жабдықтауда сенімділік пен тұрақтылық беру үшін «KEGOC» АҚ тарапынан бірқатар іс-шараны жүзеге асыру қажеттігі туындады. Атап айтқанда, «Қызылорда» қосалқы станциясындағы қуаты 40 МВА екі, «Жалағаш» қосалқы станциясындағы қуаты 20 МВА екі күштік трансформаторды алмастыру қажет.

Өңірде электр энергиясы негізін солтүстіктен ескірген бірінші және екінші басты төмендеткіш қосалқы станциялар арқылы жеткізілетін ескеріп, «Байқоңыр» қосалқы станциясының құрылысын бастау қажет. Осы аталған жобаларды «KEGOC» АҚ-ның инвестициялық бағдарламасына енгізуді ұсынамын, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, кейінгі жылдары қала аумағының кеңеюіне және жаңа нысандардың пайдалануға берілуіне байланысты электр энергиясын тұтынуы шамамен 28 пайызға артқан. Қазіргі уақытта аймақта 10 мың шақырымнан асатын электр желілері мен 2 мыңнан астам қосалқы станция бар, осы инфрақұрылым нысандарының тозу деңгейі 60,8 пайыз.

«QYZYLORDA»: ТӘУЕЛСІЗДІК БАСТАУЫ hәм БҮГІНГІ БЕЛЕС

«Qyzylorda» телеарнасындағы білікті әрі тәжірибелі мамандар заманға сай озық техникалар мен жаңа технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланып, журналистикадағы жаңа бастамаларды ақпарат айдынына батыл енгізіп келеді.

Аймағымыздың жетекші арнасы ел өміріндегі саяси маңызды оқиғалар туралы ақпаратты жылдам таратып, жағымды жаңалықтардың хабаршысы болуда. Телеарна эфирге шыққан 35 жыл ішінде халық шығармашылығын дамыту мен жергілікті музыкалық контентті қалыптастыруға айрықша басымдық берді.

Бүгінде «Ботакан» балалар телефестивалі, «Сыр жұлдыздары» ән байқауы, «Жыр керуені», «Асыл мұра», «Сыр сүлейін сұрасаң...», «Ғазылар үні» секілді дәстүрлі музыканы насихаттайтын тағалымды жобалар телеарнаның алтын қорын толықтырды.

Сыр өңірінің жылнамасын, Тәуелсіздік шежіресін қалыптастырудағы қажырлы еңбектері үшін Сіздерге зор ризашылығымды, алғысымды білдіремін. Ақпарат айдынында заман көшінен қалмай, жаңа медианы меңгеріп, елдікті сақтау,

1-бет



азаттықты баянды ету жолында абыройлы қызмет атқара берейсіздер! – деді Нұрлыбек Машбекұлы. Жиында корпорацияның бас редакторы Болат Мүрсәлім Премьер-министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Анда Балабаевның құттықтауын оқып беріп, «Құрмет» орденінің иегері Жағыппар Қарабала сөз сөйледі.

Кәсіби шеберлігі мен телевизия саласындағы қажырлы еңбегі үшін

бірқатар азаматқа облыстың Құрмет Грамотасы, облыс әкімінің Алғыс хаты, «Қазақстан» республикалық телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамының Құрмет грамотасы мен Алғыс хаты табысталды.

ТЕЛЕАРНА ТЫНЫСЫ

Кеше сондай-ақ облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев және «Қазақстан» Республикалық телерадио кор-



Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«АДАЛ ДОС, АСЫЛ АЗАМАТ»

«Достық үйінде» белгілі қаржыгер-экономист, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Жаңақорған және Шиелі аудандарының құрметті азаматы Қамбарбек Амангелдіұлы Мұбаракөвтің өмірі мен қызметіне арналған «Адал дос, асыл азамат» атты еске алу кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Ғұмырнамалық кітап аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың бастамасымен жарыққа шыққан.

Тағалымды шараны Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Басқарма төрағасы – ректоры Наурызбай Байқадамов жүргізіп, қайраткер тұлғаның өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан елеулі үлесін ерекше атап өтті. Қамбарбек Мұбаракөвтің кәсіби біліктілігі мен азаматтық болмысы кейінгі буынға үлгі екенін жеткізді.

Кітаптың құрастырушысы белгілі жазушы-журналист Дүйсенбек Аяшұлы жаңа туындыдағы естеліктер арқылы абзал азаматтың жарқын бейнесі, жақсы істері жаңғыра түскенін айтты.

Екі бөлімнен тұратын кітапта қаржы саласының үздігі атанған тұлғаның ата тегі, өмір жолы, қызметтік тәжірибесі жан-жақты баяндалған. Сонымен қатар, елжанды азаматтың ерте үзілген ғұмырындағы кейінгі ұрпаққа өнеге болатын

тағалымды тұстар кеңінен қамтылған. Жинақ мазмұнында басты кейіпкердің әріптестері, ел ағалары жақындары мен замандастарының естеліктері топтастырылып, сол кезеңнің қоғамдық келбетін бейнелеуге мән берілген.

Іс-шара барысында сөз алған мемлекет және қоғам қайраткерлері Бекмырза Еламанов, Мұрат Бақтиярұлы, қоғам қайраткері Қуанышбек Ысқаков және қаржы саласының ардагерлері, ел ағалары Дайрабай Ысқаков, Қалқазбек Әжібеков Қамбарбек Амангелдіұлының адамгершілік қасиеттері мен кәсіби шеберлігіне тоқталып, оның жарқын бейнесі ел жадында мәңгі сақталатынын атап өтті.

Тұсаукесер рәсімі тағалымға толы мазмұнды пікірлер мен естеліктерге ұластып, көпшілікке рухани әсер сыйлады.



«QYZYLORDA» ТЕЛАРНАСЫНА 35 ЖЫЛ

Күні кеше Сырдың тұңғыш телеарнасының көрерменге жол тартқанына 35 жыл уақыт толды. 1991 жылы 30 сәуір күні өз қызметін бастаған «Qyzylorda» арнасын қазір қызылордалықтар ғана емес, Жер шарының кез келген нүктесінен облыстың жаңалығын көріп-білуге мүмкіндік бар. Тәулігіне 15 сағат бойы хабар таратады. Отыз бес жыл тарихында телеарна ОблТВ, KTV, «Қазақстан Қызылорда» және «Qyzylorda» деген атаумен бірнеше ребрендингтен өтті. Ел аумағындағы және аймақтағы жаңалықтарды қамтып, елді мекеннің тарихи-мәдени ерекшеліктерімен, туристік әлеуетімен, инвестициялық тартымдылығымен таныстыру телеарнаның басты бағыттарының біріне айналды. Осы ретте біз телеарна директоры Нұрбек Әмишамен сұхбаттасқан едік



— Шығармашылық өкілдерінің әлеуеті бұрыннан жаман емес. Жалғыз жүріп ештеңе істей алмайсың. Әріптестерің қолдау білдіріп, жұмыла кіріссе ғана жақсы дүние жасалады. Телеарнаға келген соң журналистермен, режиссерлермен, операторлармен бөлек-бөлек ақылдасып, кездесу өткіздік. Жалпы әр маман «шығармашылық потенциалыма сәйкес дүние жасап жатырмын ба?» деп өз-өзіне сұрақ қойып отыруы қажет. Жаңалықтарда көбіне тікелей қосылымдар жасауды жолға қойдық. Тікелей эфирде жұмыс істеу тілшінің шыншай түсетін рас. Кейбір бағдарламаларды ребрендинг жасап, бағытын өзгерттік. Бұрынғы тікелей эфирдегі «Қайырлы күн», «Өзек-жарды», «Ұлт саулығы» бағдарламалары қалды. Одан бөлек «Өмірдің өзі» хабарына ребрендинг жасап, оны Айсулу Жұмабайқызы жүргізіп бастады. Жаңалықтардан кейін мәселені талқылауды қолға алдық. Жаңалық көру үшін теледидарды

рінің жүргізетін хабары, бағдарламалары бар. Оған арнайы бір адамды шақырып, сұхбат жазып журналист отырғанша, одан да келген қонағымызды камераға қаратып, монолог айтқызыңды жөн көрдік. Облыстағы белді-белді ақын-жазушылар, одан бөлек Асанәлі Әшімов, Асқар Жұмаділдаев қонақ болды. Негізгі мақсатымыз — архив жинау. Соны келесі ұрпаққа жеткізгіміз келді. «Кешкі show» басқа форматта жүргізілуде. Өңірдің әлеуетін көтеруге үлес қосып жүрген өзіміздің брендтерді танытатын «Қызылордада жасалған» бағдарламасы да жаңа бағытта көрерменге жол тартты. Сондай-ақ «Qyzylorda» арнасының Байқоңырдағы өкілдігі ашылды. Тікелей, эксклюзивті ақпаратты бүгінде басқа арналар

СЫРДЫҢ ТҰҢҒЫШ ТӨЛ АРНАСЫ

— Нұрбек Шынтемірұлы, телеарнаның 35 жылдық мерейтойы құтты болсын! 35 жыл тарих таразысына тартқанда көп уақыт болып көрінбегенімен, бір ұжымның қалыптасу, орнығу, даму жолындағы сындралы кезең саналады. Осы уақыт тезін елекке салғанда телеарнаның басты жетістігі деп нені айтар едіңіз?

— Ең басты жетістігін марапаттармен өлшемеу керек сияқты. Алғашқы онжылдық телеарнаның қалыптасу кезеңі болды. Бірақ сол уақыттағы мамандардың техниканың жоқ кезінде көп нәрсені түпнұсқа ретінде сақтап қалуы дер едім. Біздің алтын қорымызда 1991 жылдан бастап облыстың тарихындағы оқиғалар сақтаулы. Мәселен, оралмандардың атажұртқа келгенін түсірген Болат Омарәлиев суреттерінің бейнежазбасы бар. Эфирдің алғаш шығуы, 2000 жылға дейінгі ірі-ірі оқиғалар, Кеңес одағының батырлары, тарихи тұлғалар жазылған. «Өңірі балапан», «Таңшолпан» бағдарламалары — сол кездегі телеарнаның негізін салушы тұлғалардың алғашқы жұмысы. Бұл дәстүрлі түрде жалғасып келе жатыр. Қазір «Өңірі балапан» өтпесе де ол «Таңшолпан», «Ботакан» деген хабарларға ұласты. 1995 жылы тұңғыш рет «Сыр саңлақтары» тележобасы ұйымдастырылған. Осы бағдарламаға қатысқан КСРО Халық артисі Роза Бағланова, ақын Иран-Ғайып, Шәмшібай Сариев, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Дүйсекеев, Қазақстанның Еңбек сіңірген артисі Мәдина Ералиеваның өнері таспаланған түпнұсқа кордың алтын қазынасында тұр. Әбдіжәлел Бәкір ағамыз өзінің естелігінде былай деп айтады: «Телеарна ашылды. Оның бағыты қандай болады деп ойланғанда, біріншіден арна ақпарат береді, екіншіден Сыр елі жиыршылардың мекені болғандықтан, рухани-мәдени хабарлардың болғанын қаладық» дейді.

1993 жылы Орталық Азия мемлекеттерінің басшылары Қызылордада бас қосты. Халықаралық жиында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері Арал өңірінің мәселелерін шешу, әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету және Арал аймағын экологиялық сауықтыру жөніндегі бірлескен келісімге қол қойды. Сол кезде сұхбат алған Баян Исламбаева, марқұм Оразбек Мақсұтұлының жазбалары — құнды мұралар. Телеарнаның алтын қоры — баға жетпес байлығымыз деп айтар едім. Бұл — тұтас қазақ телевизиясының тарихы. Телеарнаның жетістігі ретінде 2024 жылы «Тұмар» ұлттық телевизиялық байқауының жеңімпазы атанғанымызды айтсақ болады. Бұны біз «Құдайы қонақ» бағдарламасы арқылы алдық. Бұл — осыған дейін тер төккен эриптестеріміздің еңбегі. Өткен жылы «AMANAT» медиа сыйлығын алдық. Бұл «Qyzylorda Expedition» — өшкен өркендеттер ізімен» деген жоба. Саураннан бастап Аралдағы Керлерді қаласына дейінгі аралықта экспедиция жасалды. Соған осы сыйлық берілді. Былайша айтқанда потенциалы бар мамандар шоғыры бар бізде. Қолымнан келгенше оларға шабыт беру, жағдай жасау, дұрыс бағыт-бағдар беріп, үйлестіре алсақ біздің менеджер ретіндегі жұмысымыздың орындалғаны деп білем.

— Тұтас бір тарихты аз ғана сұхбатта айтып тауысу мүмкін емес, дегенмен алғашқы эфир туралы да айтып кетпеуге болмайтын секілді. Алғашқы дикторлар, алғаш хабар таратқан журналистер жайында айта кетсеңіз. Ең бірінші көрерменге қандай хабар көрсетілді?

— «Qyzylorda» телеарнасы 1991 жылы 30 сәуірде өз жұмысын бастады. Оған дейін өзге облыстарда облыстық телеарна болғанмен, Сыр өңірінде тек радио хабар таратып келген. 1989 жылы облыста теледидар құру туралы мәселе көтеріліп, алғашқы шаралар

қолға алынған. Мерзімді басылым беттерінде облыстық телеарнаны құру төңірегінде қызу пікірталастар болған. Оны ашуда қиындық та, кедергі де көп кездескен. Сондай қиындыққа қарамастан Жақсылық Бекқожаевтың табандылығы мен іскерлігі нәтижесінде облыс халқына төл телеарнадан жаңалықтар жол тартты. 1990 жылы облыстық атқару комитетінің төрағасы Виталий Брынкиннің көмегі көп болған. Ғимарат мәселесін шеше алмай жүрген Жақсылық Асқарұлына алғаш қолдау жасаған сол кісі. Қажетті құрал-жабдықтар мен техникаларды Мәскеуден, Санкт-Петербургтен алдырған. Кәсіби инженерлер мен техниктер Юрий Ефанов, Бақытжан Шөкенов, Мұхамедия Абылаев, Мұрат Шалабаев, Жәнібек Жұманов облыстық телеарнаны өз қолымен құрып, құрал-жабдықты жан-жақтан жинап, алғашқы сигналды халыққа жеткізген. Осылайша 35 жыл бұрын 30 сәуірде облыстық телеарна өзінің тарихи шежіресін бастады. Жергілікті уақыт бойынша 21 сағат 15 минутта эфирге шықты. 30 минуттық бағдарлама берілген. Келесі күні 1 мамыр параднан журналист Баян Исламбаева мен Айгүл Шалғынбаева жылжымалы телестанса арқылы бірінші рет орталық алаңнан тікелей репортаж жүргізді. Менің білуімше осы 30 минуттық хабарға 100-ден астам адам тартылған. Алғашқы эфир, алғашқы тарихи оқиға болған. Оған іріктеу де өте тартысты өткен. Екінші қабаттағы концерт залында кастинг болғанын облыстың белгілі адамдары қатысқанын да білеміз. Іріктеуден өтіп, ең алғаш эфирге шыққан Асылбек Жамансариев пен Айгүл Оразова еді. Екеуі де қазір зейнет демалысында. Айгүл Оразова Астанада, ал Асылбек аға Алматы облысы Іле ауданында тұрады. Күні кеше ғана ол кісілермен сөйлесіп, жылы лебіздерін естідік. Алғашқы режиссері Хүсейін Әмір-Темір. Көрермен назарына ұсынылған тұңғыш туындыны әзірлеуге білікті режиссер Асқар Бапшыев арнайы Алматыдан келіп көмек берген. Жергілікті радионың командасының да көмегі көп тиген. Телеарнаны құрған Жақсылық Бекқожаев болса, одан

QYZYLORDA



Суреттерін түсірген Нұрболан НУРЖАУБАЙ

қосқан көрерменді экран алдында ұстап қалу мақсатында «АнуqTIMES» атты жаңа шығарылымды іске қостық.

Тікелей эфирде журналист сол күнгі немесе аптадағы басты оқиға бойынша спикермен сұхбаттасады. Көбіне эфир сыртында жұмыс істейтін тележурналистің шыңдалуына бұл үлкен мүмкіндік. Көпшілікпен тікелей байланыс орнату шығармашылық әлеуетінің артуына, ой жинақтауына әсер етеді. Эфирден соң бір мәселені талқылайды. Бұл бір жағынан спикерге де жақсы. Бар болғаны 10 минут ішінде журналистің де шеберлігі шыңдалып, тез сөйлеп, қысқа-нұсқа жауап алады. Аптасына үш рет тек қана жаңалықтың журналистері шығады. Байқауымызша, студиядағы өзгеріс те көрерменге ұнады.

«Құдайы қонақ» реалити хабары халықтың сүйікті бағдарламасына айналды. Бұған дейін де ауыл туралы хабарлар болған. Бірақ мұның ерекшелігі — аудиториясының ауқымдылығында. Оған Дәулетхан мен Лемараны таңдап алдық. Бұл хабарда әр адамның тағдыры, күнделікті өмірі шынайы көрсетіледі. Ондай адамдар қалада да бар. Кейде жанымыздағы адамның қандай күйде жүргенін білмейміз. Мәселе үлкен ерлік жасау емес, қарапайым өз отбасы үшін де ерлікке тең тынымсыз тіршілік етіп жүрген қаншама адам бар. Ауылдарға барғанда біз сондай жандарды көп кездестірдік. Әр ауылға жүргізушілер жолға шыққанда ешкімге ескертпейді, ешкімнің келісімінсіз кез келген үйге құдайы қонақ ретінде кіріп барады. Тіпті журналистерге «жолға шықтың» деп желіде stories те салғызбаймыз. Ауылдың боямасыз бейнесін, тұрғындардың ақ пейілі, алғаусыз көңілін осы бағдарламадан көруге болады. Бұрынғы қазақтың табиғатына тән дәстүрін қазіргі кезбен сабақтастыру десек те болады. Тағы бір ерекшелігі — шынайылығында. Барғанда ешкімді дайындап қоймаймыз, дастарқан жайып, әдемі киініп күтіп отырмайды.

«Параллель» атты бағдарлама жарыққа шықты. Жаңалық күнде өзгереді, ақпарат тез ұмытылады, ал бұл жобадан мақсаты — айтары бар азаматтардың көзқарасы мен пікірін алтын қорға жазып алып қалу. Бұл бағдарламада уақытты ұтуымыз керек болды. Өңірде кадр тапшылығы сезіледі, өйткені журналистер өзде-

бізден алып таратуға. Бұл қаладағы ақпараттық қауіпсіздік үшін маңызды деп есептейміз.

«ҚызықОрда» хабарын Мұхтар Ниязов жүргізеді. Оны бүкіл республика таниды. Сондықтан оның потенциалын пайдаланғымыз келді. Жасыратыны жоқ, өзімен келістік. Мұхтардың айтыскерлігінен бөлек, айтқыштығы, суырып салмалылығы, өткір әзілдері, логикалық байланыстары өзгеше. Хабардың атын да бірге таңдадық. Қазақтың біртуар азаматтары келіп хабардың қонағы болды. Ақын Жүрсін Ерманов, Қызылордадағы Ақылбай Ақанов деген айтқыш ағамыз келді. Бұл хабарларды желіге жүктегенде шетелдегі қандастарымыз көріп, жылы лебіздерін білдіріп жатады.

Одан бөлек «Қызылордада жасалған» бағдарламасы кәсіпкерлікті насихаттайды. «Пайдалы подкасты» шығардық. Кәсіпкер Ерлан Райымов жүргізеді. Осы салада жүрген жандардың жеткен жетістіктері жайында сөз қозғалады. Тағы бір жаңалығымыз, деректі фильм шығарамыз. Былтыр Қызылорданың астана болғанына 100 жыл толуына байланысты деректі фильм түсірдік. Мәліметтерді осы жерден, Алматыдан, Президент архивінен, орталық мемлекеттік архивтен алдық. Ұлттық кітапханаға барып сирек кездесетін қолжазбаларды таптық. Ғалымдардың пікірлерін тыңдадық. Былтыр «Соғыс жесірі» деген деректі фильм түсірдік. Оған өзім тікелей атсалыстым. Идеясы — жесір әйелдің ішкі трагедиясын көрсету. Кейіпкерінің өмірде тірі болғаны маңызды еді. Өкінішке қарай, Сыр жерінде ешкім қалмаған. Қазақстан бойынша екі-ақ адам бар екен, соның біреуін Тараздан таптық. Жамбыл облысы, Бостандық ауданының бір ауылында тұрады екен. Ол кісінің үйіне барып, сөйлетеіп алдық. Жарын қалай қан майданға шығарып салғанын, одан кейінгі өмірін айтады. Біз оны түсіріп, актерларды ойнатып, эфирге бердік. Бұл — деректі фильм мен киноның синтезі. Мұндай дүниелерді жалғастырып жатырмыз. «Біртуар» деген жобаны қолға алдық. Мұнда қазаққа еңбегі сіңген тұлғалар жайлы түсіріледі және оны архивке сақтаймыз. Сондай серияларды шығарғымыз келеді.

Мен жалпы «аймақтық арна», «өңірлік журналистика» деген айдарларды онша қуаттай бермеймін. Журналистика біреу, оның принципі біреу, ол — ақпарат беру. Ал аудитория қабельдік операторлар, уеб сайт арқылы онлайн немесе әлеуметтік желі арқылы әлемнің кез келген нүктесінен сені көре алады. Сондықтан өңірлік деңгейде қалып қоймай, әлемдік трендтерді қолдану, аймақ аудиториясы ғана емес, шетелдегі қандастар көретін бағдарламалар жасау мақсатымыз да бар. Бізді көретін қандастар көп. Оны желіге салынған бағдарламаларымызға деген алыстағы қандастарымыздың фидбэгі, пікірі, тіпті қырғыз ағайындардың комментарийдері арқылы байқап отырмыз. Сондықтан өңірмен шектелуге болмайды деп ойлаймын.

Осылайша ойға алған жұмыстарымыздың аз бөлігі орындалған деуге болады. Алдағы уақытта жаңа форматтағы жобалар жүзеге аспақ. Бастысы көрерменіміздің көңілінен шығып, сұранысын қанағаттандырсақ, еңбегіміздің еленгені дер білеміз.

— Мерекеңеріңіз тағыз да құтты болсын!

— Рахмет!

Сұхбаттасқан Айсулу ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»

«QazaqGaz Aймақ» АҚ Бас директоры Бауыржан АСҚАРОВ:

«ЕҢ БАСТЫ НӘТИЖЕ – ЕЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖЫЛЫТУ МАУСЫМЫН ТҰРАҚТЫ ӘРІ ҚАУІПСІЗ ӨТКІЗУІ»



Елімізде кезекті күзгі-қысқы жылыту маусымы табысты аяқталды. Бұл кезеңде газбен жабықтау жүйесінің сенімді жұмыс істеуі, апаттық жағдайлардың алдын алу, инфрақұрылымның дайындығы мен тұтынушылар қауіпсіздігі айрықша маңызға ие болды. Осындай жауапты кезеңдегі тұрақты жұмыс, саладағы жүйелі еңбектің нақты көрінісі. «QazaqGaz Aймақ» АҚ Бас директоры Бауыржан Асқаров «Сыр бойы» газетіне берген сұхбатында осы маусымның маңызына, өңірлерді газдандыру қарқынына, қауіпсіздік, цифрландыру, әлеуметтік қолдау және саланың алдағы міндеттеріне кеңінен тоқталды.

– Бауыржан Бекзатханұлы, елде күзгі-қысқы жылыту кезеңі аяқталды. Мұндай кезеңде газбен жабықтау жүйесінің сенімділігі, инфрақұрылымның дайындығы мен халық қауіпсіздігі ерекше назарға алынады. Жалпы, осы жауапты маусымнан қандай түйін шығаруға болады?

– Ең алдымен айтарым, күзгі-қысқы кезең газ саласындағы жұмыстың шынайы сапасын айқындайтын ең маңызды сынақтардың бірі. Дәл осы уақытта инфрақұрылымның беріктігі, жүйенің сенімділігі, мамандардың кәсібилігі мен ұйымдастыру жұмысының деңгейі анық көрінеді. Сондықтан біз үшін ең басты нәтиже, бұл ел тұрғындарының жылыту маусымын тұрақты, үздіксіз және қауіпсіз өткізуі.

Осы ретте айта кету керек, «QazaqGaz Aймақ» АҚ жылыту маусымына дайындықты әрдайым алдын ала және жүйелі түрде жүргізеді. Газ шаруашылығы нысандарын күзгі-қысқы кезеңге дайындауға қатысты шаралар кешені толық көлемде және кестеден ерте орындалды. Қысқа әзірлік жұмыстары өткен жылыту маусымы аяқталғаннан кейін бірден басталды.

Компанияның барлық өндіріс өндірістік филиалдарында жетекші техникалық қызметтер жұмылдырылып, газбен жабықтау жүйесін күзгі-қысқы маусымға дайындау бойынша ауқымды жұмыс жүргізілді. Атап айтқанда, 185232 астам газ реттеу пункттері мен шкафтарына ағымдағы жөндеу жүргізілді, 114591 астам ажыратқыш құрылғыға қызмет көрсетілді, 1727 астам электрохимиялық қорғау құралы қалпына келтірілді, сондай-ақ 1781400 шақырымға жуық газ құбыры аспаптық тексеруден өтті. Жалпы алғанда, негізгі дайындық шаралары техникалық жұмыстардың 30-ға жуық түрін қамтыды.

Өндірістік шаралармен қатар, халықпен түсіндіру жұмысы да үздіксіз жалғасты. Тұрғындарға табиғи газды қауіпсіз пайдалану қағидалары мен оны үнемді тұтынудың маңызы жөнінде ақпарат БАҚ-на беріліп, үйлер күнделікті араланып, жадынамалар таратылды.

Жалпы, жылыту маусымының тұрақты өтуі, тек техникалық дайындықтың ғана емес, елде газдандыру ісінің кезең-кезеңімен жүйелі дамып келе жатқанын да айқын дәлелі. Бүгінгі таңда Қазақстанда табиғи газға қолжетімділік ауқымы кеңейіп, оның

игілігін көріп отырған халық саны 2,6 миллионға жуықтады. Сондықтан күзгі-қысқы кезеңнің табысты аяқталуы туралы айтқанда, біз тек бір маусымның қорытындысын емес, жалпы саланың орнықты дамуын да айтып отырмыз.

– Соңғы мәліметтер бойынша Қазақстанды газдандыру деңгейі 64,2 пайызға жуықтады. Он жыл бұрынғы көрсеткіш 56% болғанын жақсы білеміз. Дегенмен, елінің 83 пайызын газдандырып үлгерген Беларусьтың немесе өз елінде газы жоқ болса да, бұл тұрғыда алға кеткен Арменияның деңгейіне біз қашан жетеміз деген сұрақ ең алдымен көкейде тұрады.

– Орынды сұрақ. Әңгіменің осы тұстан басталуы да орынды деп ойлаймын. Аталған елдермен Қазақстанды салыстыратын болсақ, мен мұның басты үш факторына тоқталар едім.

Бірінші фактор, аумақ пен халық санының айырмашылығы. Әлемдегі жер көлемі бойынша тоғызыншы орын алатын Қазақстан Беларусьтен шамамен он есе үлкен. Халық саны жағынан да біз олардан екі есе көпіз. Бұдан қандай қорытынды шығады? Біріншіден, елімізді газдандыру үшін әлдеқайда көп күш, ресурс және уақыт қажет. Өйткені елді мекендердің бір-бірінен едәуір шалғай орналасуына байланысты тартылатын желілердің арақашықтығы да анағұрлым ұзақ болады. Оның үстіне, Қазақстан аумағының 60 пайызын астамы елдің батыс бөлігіндегі негізгі кен орындарынан айтарлықтай қашықта орналасқан. Екінші жағынан, Қазақстанда халықтың орналасу құрылымы кең аумақтарды қамтып, инфрақұрылымды жүйелі дамытуға мүмкіндік береді. Сондықтан аумағы шағын, халқы тығыз орналасқан және инфрақұрылым тартуға қолайлы Беларусь пен Армениямен салыстырғанда аздап кейінірек келуіміздің өзін осы фактордың өзмен-ақ түсіндіруге болады.

Алайда мәселе мұнымен шектелмейді. Екінші фактор да Қазақстан үшін онай болмады. Біз бұрынғы Кеңес одағы кезінде географиялық ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан тарихи газ тасымалдау жүйесінің салдарын да ұмытпауымыз керек. Тәуелсіздік алған кезде біз негізінен Қазақстанның батысы арқылы өтетін магистральдық газ құбырларын, «Орталық Азия – Орталық» және «Бұқара – Орал» желілерін мұра етіп алдық. Ал Қазақстанның оңтүстігі негізінен

Кеңес Одағының ортаазиялық республикаларынан өндірілген газды әрі қарай Еуропаға жеткізуге арналған «БТР – ТБА» және «Газлы – Шымкент» магистральдық газ құбырлары арқылы ішінара газбен қамтамасыз етіліп келді. Соның салдарынан тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығында еліміздің оңтүстігі өзбек газына тәуелді болғанын да жасырмай айтуымыз керек.

Осы ахуалға байланысты Қазақстан өз кен орындарының географиясын, сондай-ақ ел аумағының кеңдігін ескере отырып, батыстан шығысқа қарай жана газ құбырларын тартуға мәжбүр болды. Халықтың «көгілдір отынға» деген сұранысын қамтамасыз ету үшін төл ресурсымызға сүйеніп, жана магистральдық бағыттар ашылды. Батыстағы кен орындарынан газды еліміздің орталығы мен солтүстігіне жеткізу үшін ұзындығы бір жарым мың шақырымдай газ құбыры салынды. Әсіресе, «Қазақстан – Қытай», «Бейнеу – Бозой – Шымкент» секілді күретау құбырлардың іске қосылуы газдандыру ісін едәуір ілгерілетті. Елордаға «Сарыарқа» магистральдық газ құбырының тартылуы да көптеген мәселені шешуге мүмкіндік берді.

Ал үшінші фактор Қазақстандағы газ өндірудің ерекшелігіне байланысты. Біздің елде өндірілетін және ішкі нарыққа бөлінетін газдың едәуір бөлігі мұнай өндірумен тікелей байланысты. Өйткені кен орындарындағы ілеспе газ мұнай өндіру қарқынын төмендетіп алмау үшін көмірсутек қабаттарының

газдандыру жобалары жоспарға сай әрі қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүзеге асырылып келеді. Қала халқының өсуіне сәйкес оған техникалық қызмет көрсету жұмыстарының көлемі де, сапасы да артып отыр.

Ел батысында да нәтижелер жоғары. Атырау облысында 159 елді мекеннің 158-і, яғни 99,9 пайызы, Батыс Қазақстан облысында 99,8 пайыз, ал Манғыстау облысында 99 пайызы газдандырылған.

Оңтүстікте Түркістан облысы бойынша жалпы елді мекен саны 807-ні құрайды. Өткен жылы Түркістан облысы аумағында 58 елді мекен «көгілдір отынға» қол жеткізді. Нәтижесінде бүгінде 629 елді мекен табиғи газ тұтынып отыр, яғни елді мекендер бойынша көрсеткіш 77,9 пайызды, ал халық саны бойынша 88,5 пайызды құрады. Жыл соңына дейін тағы 25 елді мекенді табиғи газбен қамтамасыз ету жоспарланған. Сонда Түркістан облысын газдандыру деңгейі 81 пайызға құрайтын болады.

Бұл Қазақстанда газға қолжетімділік ауқымы үздіксіз кеңейіп келе жатқанын көрсетеді. Қазір «көгілдір отынның» игілігін көріп отырған халықтың жалпы саны 2,6 миллионға жуықтады. Бұл Беларусь пен Арменияны қоса есептегендегі газ тұтынушылар санынан да асып түсетін көрсеткіш. Ең бастысы, мұның бәрі адамдардың өмір сапасын арттыруға, өңірлердің дамуына және жылыту маусымын тұрақты өткізуге тікелей ықпал етеді.



қысымын ұстап тұруға пайдаланылады. Сондықтан Қазақстан ілеспе газды тиімді пайдалану мәселесінде әрдайым тенгерімді ұстануға мүдделі.

– Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан өңірлерді газдандыру мәселесінде әлдеқайда күрделі техникалық-экономикалық міндеттерді еңсергенін айтып бергеніңіз орынды болды.

– Иә, осындай қиындықтарға қарамастан Қазақстан халықтың экологиялық жағынан барынша таза отын түрімен қамтамасыз ету бағытында көптеген мәселені дер кезінде және жүйелі шеше білді деп нық айтуға болады. Бір ғана мысал. Қазақстанның 5 облысында: Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Манғыстау және Жамбыл облыстарында, сондай-ақ республикалық маңызы бар 3 қалада: Астана, Алматы және Шымкентте газдандыру деңгейі қазірдің өзінде 91–98 пайызға жетті.

Екі ірі мегаполистердегі жағдай да едәуір жақсарды. Бүгінде Алматы қаласы толықтай газдандырылды деп айтуға толық негіз бар. Ал Елорда мен оның агломерациясында өткен жылы Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің, Ақмола облысы мен Астана қаласы әкімдіктерінің, «QazaqGaz» ұлттық компаниясы бізбен бірге бірлескен күш-жігерінің арқасында Ақмола облысындағы Жібек жолы, Нұрлы, Шұбар, Аққайың, Талапкер, Ыбырай Алтынсарин, Қоянды ауылдарына және Қосшы қаласына, ал Астанадағы «Кіріпшігі», «Family Village», «Тельман», «Чубары» тұрғын алаптарына табиғи газ берді. Соңғы болып Тәуелсіздік күні қарсаңында Ақмола облысының Қараөткел ауылындағы 4107 үйді «көгілдір отынмен» тұрақты әрі үздіксіз қамтамасыз етуге мүмкіндік жасалды.

Елордадағы ауқымды газдандыру жұмыстары қаланың экологиялық ахуалын жақсартуда бетбұрыс кезеңіне айналды.

Астанаға табиғи газ берілгені бері қала манындағы бірқатар аудандар мен елді мекендердегі тұрғындардың өмір сүру сапасы айтарлықтай жақсарды. Мұның экологиялық әсерін айтпағанның өзінде, жеке үйлер секторындағы азаматтардың от жағу, отын сатып алу, күл шығару сияқты тұрмыстық ауыртпалықтан арылуының өзі үлкен өзгеріс. Әрине, Елордаға табиғи газдың алғашқы текше метрі берілген күн мен қазіргі жағдайды салыстыруға келмейді. Астана қаласын

көшіру өңірдегі экологиялық ахуалдың жақсаруына тікелей әсер етті. Қарағандыда тарихта тұңғыш рет «Qazmet» АҚ металлургиялық комбинаты газға қосылды.

Еліміздің бас қаласында қазірдің өзінде ЖЭС-1, ЖЭС-2, ЖЭС-3, «Юго-Востоку» ГТС және «Тұран» ГТС жылу энергиясын өндіру және ыстық сумен қамтамасыз ету үшін газ пайдаланып отыр. Бұдан бөлек, ірі қалаларды сенімді газбен қамту мақсатында 2–3 магистральдық газ тарту станциясын орнату арқылы жоғары қысымды газ құбырларының сақинасы салынууда. Ал бұл станциялардан орта және төмен қысымды газ желілері таралады. Соның нәтижесінде солтүстік және оңтүстік астаналардың энергия көздерін көмірден газға көшіру бағытында атқарылған шаралар ірі мегаполистердегі экологиялық ахуалды айтарлықтай жақсартуға ықпал етті.

– Мұндай ауқымды жұмыстарда еліміздің энергетика саласын цифрландыру шешімдері септігін тигізіп жатыр ма? Себебі «QazaqGaz Aймақ» компаниясын энергетика саласын цифрлық форматқа көшіруде көшбасшы ұйымдардың бірі деп естіміз.

– Цифрлық трансформация, болашақтың жоспары емес, компанияның күнделікті жұмысының нақты бөлігі. Бүгінгі таңда «QazaqGaz Aймақ» өтініш беруден бастап газ тұтынушы дәл есепке алуға дейінгі бүкіл процесті өзгертетін цифрлық шешімдерді енгізіп келеді.

Газ саласын цифрландыру жобалары тұрғын үйлерді газға қосуды жеңілдетумен қатар, оның экономикалық тиімділігін де көрсетіп отыр. Мысалы, 2023 жылдың қазан айынан бастап үйге газ кіргізуге арналған техникалық шарттарды алу онлайн форматқа ауыстырылды. Енді тұрғындар eGov.kz порталы арқылы өтініш беріп, ешқандай кенеске бармай-ақ, кезек күтпей-ақ үйіне «көгілдір отын» жүргізуге мүмкіндік алады. Барлық рәсім 10 минуттан аспайды.

Жеке тұлғалармен қатар, заңды тұлғалар үшін де газ тартуды рәсімдеу әлдеқайда жеңілдетілді. Газды бөлшек саудада өткізу шарттарына электрондық қол қою порталы іске қосылды. Соның арқасында заңды тұлғалар қағазбастылықтан аршылып, қосымша келісімдерге тиісті веб-порталда қол қояды. Сонымен қатар газ тарту желілерінің цифрлық картасы да жасакталды.

Цифрлық трансформациядағы маңызды бағыттардың бірі, бұл ақылды есептегіштер жүйесі. Smart-есептегіштер деректерді автоматты түрде, қателіксіз және жоғары дәлдікпен жолдайды. Бұл шығынды азайтып, ашықтық пен сенімділікті арттырады. Былтыр іске қосылған «QazaqGaz Aймақ» мобильді қосымшасы да деректер беруді жеңілдетті: есептегішті суретке түсірсеніз жеткілікті, ал жасанды интеллект көрсеткіштерді танып, олардың дұрыстығын тексереді. Қазіргі уақытта қосымша 700 мыңнан астам рет жүктеліп, оның көмегімен тұтынушылар ай сайын 270 мыңнан астам көрсеткіш тапсырды.



жылу энергетикалық орталықтары үшін сыртқы газ инфрақұрылымын салу жобасын аяқтады. Ол ЖЭО-2 мен ЖЭО-3 жылу-электр станцияларында екі автоматты газ тарту станциясын, ТІР-04 жалғастырғыш газ құбырын және «Алматы – Байсерке – Талғар» магистральдық газ құбырының екінші желісін қамтыған төрт нысанның құрылысын біріктірді. Бұл бизнеске серпін беріп, өңірде жана жұмыс орындарын құруға мультипликативтік әсер етеді. Алматы жылу-электр орталықтарын көмірден газға

Біз компанияның технологиялық жаңалықтары әрбір отбасының тұрмысын жеңілдетіп, күнделікті өміріне жайлылық әкеледі деп сенеміз.

– Қауіпсіздік шаралары туралы да айта кетсеңіз. Жылыту маусымы кезінде бұл мәселе тіпті өзекті бола түседі ғой.

– Дұрыс айтасыз. Күзгі-қысқы кезеңде қауіпсіздік мәселесі әрдайым алдыңғы қатарға шығады. «QazaqGaz Aймақ» компаниясы тұтынушыларға газды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау қажеттігін






тұрақты түрде түсіндіріп келеді. Әсіресе, газ құрылғыларын пайдаланғанда аса мұқият болудың маңызы зор.

Мысалы, 2024 жылдың 13 қыркүйегінен бастап барлық өңірде «112» бірыңғай диспетчерлік қызметі арқылы азаматтардың ұялы телефондарына табиғи газды қауіпсіз пайдалану ережелері жөнінде SMS-хабарламалар жіберіле бастады. Сонымен қатар өңірлердегі төтенше жағдайлар департаменттерінің мамандарымен бірлесіп

жұмыстары жалғасып, Атырау облысында тұрғындарға газды пайдалану кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары қайта ескертілді. Шымкентте көмірқышқыл газы мен түтінге улануға байланысты жайттар жөнінде арнайы ақпараттық түсіндіру беріліп, мұндай жағдайлардың басым бөлігі газ тарату желілерінен емес, мұржа мен желдету арналарының жай-күйіне және тұрмыстық құрылғыларды пайдалану тәртібіне байланысты екені көрсетілді.



жоспарлы рейдтер ұйымдастырылып келеді. Аудан және қала аумағындағы әлеуметтік нысандарда, жатақханаларда, тұрғын үйлерде, қоғамдық орындарда, кәсіпкерлік нысандардағы ішкі газ жүйелері, газосигнализаторлар, мұржалардың тазалығы, автономды пештер, желдеткіш арналары мен электр жабдықтарын қауіпсіз пайдалану мәселелері бойынша мониторинг пен үгіт-насихат жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағытта жергілікті атқарушы органдардың өкілдерімен, газ-техникалық инспекциямен және төтенше жағдайлар қызметімен бірлескен профилактикалық іс-шаралар аясында облыстар бойынша тұрғын үйлерді жоспарлы аралау да жүзеге асырылып жатыр. Мұның бәрі қауіпсіздік стандарттарының сақталуын жүйелі түрде бақылауға мүмкіндік береді.

Компания 2026 жылы апаттық және штаттан тыс жағдайларға желден қою жұмысын да жалғастырды. Мысалы, ақпан айында Шығыс Қазақстан облысының Зайсан қаласында қатты аяз кезінде жүк көлігі жерүсті газ құбырына соғылып, 50-ге жуық



тұрғын үй жылуы қалу қаупіне ұшырады. Ресми ақпарат бойынша, зақым салдарынан құбыр жүйеден толық ажырап, 9 тірек бүлінген. Апаттық қызмет мамандары қысқа мерзім ішінде қалпына келтіру жұмыстарын жүргізіп, тұрғындарға жылу қайта берілді. Батыс Қазақстан облысында да КамАЗ автокөлігі газ құбырын зақымдаған оқиға тіркеліп, мұнда да желден шаралар қабылданды. Алматыда наурыз айында манипулятор жүргізушісі шамамен 150 метр газ құбырын бүлдірген жағдай тіркелді. Мұндай

оқиғалар газ инфрақұрылымын қорғау және үшінші тұлғалардың жауапкершілігі мәселесінің өзектілігін тағы бір көрсетті.

Өңірлердегі филиалдарда тәулік бойы кезекшілік атқаратын апаттық-диспетчерлік қызметке былтыр 63 жаңа автокөлік табысталды, ал был олардың қатары тағы 43 көлікпен толықты. Еске саларлық, газдың иісі сезілсе немесе қандай да бір күдік туындаса, азаматтар дереу 5-104 нөміріне хабарласуы тиіс.

– Жоғарыда газдандыру жұмыстарын компания әкімдіктерімен бірлесіп жүргізетінін айтып өттіңіз. Осы іскерлік ынтымақтастықтың тетіктеріне тоқталып өтсеңіз.

– Газдандыру жобаларын іске асырудағы маңызды бағыттардың бірі, бұл әкімдіктермен ынтымақтастық. Бұл жұмыс міндеттерді нақты бөлу мен өзара жауапкершілікке негізделген. Қазіргі уақытта газ тарату желілерінің басым бөлігі жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражаты есебінен салынып жатыр. Бұл жобаларда тапсырыс беруші – әкімдіктер, ал мердігерлер – тендер рәсімдері арқылы таңдалатын ұйымдар. Акционерлік қоғам бұл процестерге бас-тапқы материалдарды дайындау кезеңінде қатысып, техникалық шарттарды белгілейді.

Сонымен қатар әкімдіктермен жасалған меморандумдар аясында «QazaqGaz Aimaq» АҚ жобаны іске асырудың барлық кезеңінде техникалық мониторинг пен бақылауды жүзеге асырады. Бұл – өте маңызды. Себебі құрылыс аяқталғаннан кейін газ желілері әрі қарай техникалық қызмет көрсету үшін біздің компанияға беріледі. Біздің мамандардың газ тарату жүйелерін пайдалану саласында мол тәжірибесі бар. Сондықтан мүмкін болатын қателіктерге жол бермеу және жүйелердің болашақта сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін біз құрылыстың барлық кезеңіндегі сапаны мұқият қадағалаймыз.

– Екіжақты жауапкершілікке негізделген осындай ынтымақтастыққа шешілуі қиын мәселелер кездесе ме?

– Әрине, жауапкершілік аясы қолданыстағы заңнама талаптары мен екіжақты келісімдер негізінде нақты айқындалады. Дегенмен, кез келген ірі жобала кездесетіндей, кейде белгілі бір кедергілер туындайтыны рас. Мысалы, қаржының уақытылы бөлінбеуі немесе инфляция мен басқа да факторлардың әсерінен құрылыс құнының ұлғаяуы жобаларды іске асыру мерзімін шегеруге алып келуі мүмкін. Ал бұл өз кезегінде құрылыс барысының кешігуіне және кейін нысандарды пайдалану кезінде түрлі мәселелердің туындауына әсер етеді. Сондықтан біз жұмыстың әр кезеңінде барынша дәлдікпен және үйлесімді әрекет етуге тырысамыз.

Оның үстіне, Энергетика министр-

лігімен және жергілікті атқарушы органдармен тұрақты кездесулер өткізу, бірлескен жұмыс топтарының қызметі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының газдандыруын заңнамалық қамтамасыз етуге қажетті шараларды қадағалау мақсатындағы өзара ынтымақтастық қажеттілігін білдірді.

– Басқа елдердің тәжірибесіне сүйенсек, тауарлық газ нарығын ырықтандыруға қатысты әлі нақты әрі біржақты жауап жоқ. Мысалы, Италияда бұл нарық салыстырмалы түрде жақында ғана ырықтандырылды. Данияда ірі энергетикалық «Ørsted» компаниясы акцияларының 50,1 пайызы мемлекетке тиесілі. Норвегиядағы «Gassco» газ операторы да квазимемлекеттік компания болып саналады.

Тауарлық газ нарығының стратегиялық маңызын, оның әлеуметтік сипатын және ішкі субсидиялау механизмін ескерсек, бүгінгі күні реттеуші органдар алдында баға саясатының болашақ бағытын айқындауда кешенді тәсілді қажеттілігі туындап отырғаны анық.

күзгі-қысқы жылыту маусымын тұрақты өткізу, жаңа тұтынушыларды қосу және қолданыстағы инфрақұрылымды жаңғырту бағытындағы жұмыстарды жалғастырды. Жыл басынан бері еліміздің бірқатар өңірінде газдандыру жобалары жалғасып, өндірістік филиалдар жылыту маусымынан жоспарлы өтті, ал қауіпсіздік пен цифрландыру бағыттары бойынша жүйелі шаралар іске асырылды.

Газдандыру бағыты бойынша 2026 жылдың басынан бері 32 мыңнан астам қазақстандық табиғи газға қол жеткізді.

Цифрландыру бағытында да жұмыс жалғасын тапты. Наурыз айында компания жарияланған ІТ-блоктағы сұхбатта компанияның газ саласындағы қызметтерді кезең-кезеңімен онлайн форматқа көшіріп жатқаны, соның ішінде өтінім беру, төлем жасау, қарсеткіш жолдау және клиенттік сервистерді қолжетімді ету бағыттары күшейіп келе жатқаны айтылды. Бұған қоса, 2025 жылдың шілдесінде



– Осыған байланысты тағы бір сұрақ. Өткен жылдың соңында сіз басқаратын компания тиісті министрліктермен бірлесіп отырып атаулы әлеуметтік және тұрғын үй көмегін алушылар үшін тауарлық газ бағасын субсидиялау бойынша бірлескен пилоттық жобаны іске қосты. Жөнілдік мөлшері мен субсидияланатын тұтыну көлемі қандай есептерге негізделді?

– Қазақстанда газ бағасын мемлекеттік орган реттейді. Халық үшін екі тарифтік санат көзделген: базальк тариф және атаулы әлеуметтік көмек пен тұрғын үй көмегін алушыларға арналған жеңілдетілген тариф. Бұл жеңілдік 2022 жылдан бастап қолданылып келеді. Айта кету керек, 2024 жылдың желтоқсанына дейін жеңілдік беру механизмі бұрынғы тәсілмен жүзеге асырылды: алушылардың тізімдерін әкімдіктер жолдап, олардың деректері абоненттік базамен салыстырылатын. Алайда мекенжайдың өзгеруі, деректердегі қателіктер немесе меншік құқығының болмауы секілді факторларға байланысты көмекке мұқтаж кейбір азаматтар бұл қолдауды ала алмай қалатын.

Сондықтан өткен жылдың соңынан бастап Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің қолдауымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі және біздің компания бірлесіп, eGov Mobile платформасындағы «Әлеуметтік әмиян» бағдарламасы арқылы жаңа цифрлық жүйені іске қосты. Қазір бүкіл процесс автоматтандырылған. Атаулы көмек алатын азаматтарға 1414 нөмірінен жеңілдік жөнінде SMS-хабарлама келеді. Олар бағдарламаға қатысатынын растап, өздерінің жеке шотын көрсетеді. Осымен рәсім аяқталады. Бұл уақытты үнемдеуге, қателіктердің алдын алуға және әлеуметтік көмектің ашықтығы мен қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік беріп отыр. 24 пайыз жеңілдік төлем кезінде автоматты түрде қолданылады. Соның арқасында бір отбасы бірнеше мың теңге үнемдей алады. Қазір бұл жоба бүкіл республика аумағында кенінен қолданылып отыр, шамамен 44 мың отбасы тауарлық газға жеңілдік алды.

– Биыл қандай атқарылған жұмыстар бар?

– 2026 жылдың алғашқы айларында «QazaqGaz Aimaq» АҚ газбен жабдықтау жүйесінің сенімділігін сақтау,

іске қосылған заңды тұлғаларға арналған eGov.kz арқылы газ тарату желілеріне қосылу үшін техникалық шарт алу қызметі 2026 жылы да цифрлық сервистердің нақты жұмыс істеп тұрған бағыты ретінде көрініс тапты.

2026 жылғы корпоративтік және әлеуметтік бастамалар да жалғасты. Қызылорда өндірістік филиалы қасиетті Рамазан айында «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясын өткізіп, аз қамтылған отбасыларға азық-түлік таратты. Суаір айында Қызылорда өндірістік филиалы Ұлттық құрылтайды өткізуге қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталып, екі күн бойы үздіксіз жұмыс істеген 10 сала маманы арнайы аталып өтті. Сонымен бірге компания жастары экологиялық акцияларға қатысып, Қызылорда мен өзге өңірлерде сенбілік жұмыстарына белсенді араласты.

Оған қоса, өткен Референдумға 5309 әріптестерім бір ауыздан дауыс беріп, азаматтық борышын ақтады.

Осылайша, 2026 жылдың алғашқы айларындағы жұмыстар «QazaqGaz Aimaq» АҚ үшін тек жылыту маусымын қорытындылау кезеңі емес, сонымен бірге газдандыруды жалғастыру, жүйені сенімділігін күшейту, қауіпсіздікті арттыру, инфрақұрылымды жаңарту және халыққа қойлайы қызмет көрсету бағытындағы сабақтас жұмыстың жалғасы болғанын көрсетеді.

– Бауыржан Бекзатханұлы, елді газдандыру, жылыту маусымының тұрақтылығы, қауіпсіздік, цифрландыру және әлеуметтік қолдау бағытындағы жұмыстар жөнінде жан-жақты айтып бергеніңіз үшін рақмет. Осы бағыттағы жүйелі істер жалғаса берсе, Қазақстан тұрғындарын «көгілдір отынмен» толық қамтамасыз ететін күн де алыс емес екеніне көз жеткіздік.

– Жалпы алғанда, газдандыру, тек халықтың жайлы өмір сүруіне қызмет ететін жоба емес. Ол сонымен бірге экологиялық ахуалды жақсартуға, өңірлердің дамуына, адамдардың тұрмыс сапасын арттыруға және елдің энергия қауіпсіздігін нығайтуға тікелей ықпал етеді. Біз бұл маңызды міндетті өзімізге жүктелген мемлекеттік жауапкершілік деп түсінеміз.

– Сол міндет үдесінен шыға беріңіздер.

Сұхбаттасқан Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, «Сыр бойы»



ЕЛ БІЛЕТІН, САҒЫНАТЫН МАРСБЕК

Дана халқымызда «Өткен ойға оралмай, жаңа жадына түспейді» деген мағынасы өте терең және психологиялық-философиялық тұрғыдан өміршен тәмсіл бар. Демек адам баласы бұрынғы өткеніне, көрген-білгеніне ұдайы оралып тұруы шарт. Осы ретте өмір жолында кездескен, сыйласқан азаматтар туралы зердеме түйгендерімді ой елегінен өткізуге талпынған сәттерде ел сыйлаған Азамат, әріптес ағам, сырлас досым болған Марсбек Рүстемұлы Молдабаев ең алдымен ойыма оралып, ол туралы естеліктер жадыма жаңғырады.

Марсбек ағамыз туралы санамдағы естеліктерге саңылау табу үшін оның өмірбаянына тағы бір көз жүгірткенім жөн болар деймін. Өйткені әр азаматтың өмір тарихынан ел тарихы түзіледі. Ал елге қызмет етуде абыройға кенелу — маңдай тердің ақталып, мерейлі болудың межелі мүмкіндігі. Саналы өмір сүруге ұмтылған әр жанның өмірдегі әр қадамын аңдап басуға деген талпынысы да осыдан туындайтын болар.

Осы шағын естеліктегі кейіпкеріміз Марсбек Рүстемұлының ғибратты ғұмырына зер салып қарасақ оның өз өмірін тек жақсы жағына ғана емес, әрдайым сапалы, саналы жағына қарай өзгертуге деген ұдайы талпынысын анық байқаған болар едік.

Сырдың маржаны саналатын Шиелінің Майлытоғайында ауыл мектебінің мұғалімі Рүстем әкеміз бен Галия анамыздың отбасында 1963 жылдың 10 ақпанында дүниеге келген Марсбек Молдабаев жастайынан қара жердің демін сезініп, дала еңбегімен шынығып өсті. Бала Марсбек Майлытоғай мектебінің 6-сыныбын бітірген жылы Молдабаевтар отбасы Қызылорда қаласына көшеді. Өрине туған жерден қоныс аударып, ағайын-туыстан орта үзу оңай емес. Дегенмен Рүстем әкей ержетіп келе жатқан балаларының болашағы үшін осылай батыл шешім қабылдайды.

Қызылорда қаласындағы №43 орта мектепте оқуын жалғастырып, сапалы білім алған Марсбек ағамыз кезінде білімі мен білігі жетіп тұрса да, өзге замандастары сияқты ел асып үлкен қалаларға оқуға аттанудан өзін-өзі амалсыз шектеді. Көп балалы отбасының жанашыры ретінде ертерек мамандық игеруді мақсат тұтқан Марсбек Рүстемұлы орта мектептің 8-сыныбынан кейін 15 жасында Қызылорда политехникумына техник-электрик мамандығы бойынша оқуға түсіп, оны 1981 жылы ойдағыдай аяқтады.

Сол жылы Кеңес армиясының қатарына шақырылып, Арменияның Иранмен шекаралас аумағында тұрған зениттік-ракеталық әскер құрамында азаматтық борышын өтеді. Марсбек ағамыздың зениттік қондырғының атқышы ретінде Қазақстан аумағындағы Сарышаған полигонында өткен әскери-оқу жаттығу жиынына қатысып, пультті басуға даяр тұрған көп мергеннің ішінен ракетаны алғашқы болып атып түсіргені де өз алдына бір аңызға айналған оқиға. Өзі қызмет еткен әскери округтің айбын-абыройын асырған жауынгер Молдабаевтың бұл ерлігі командирлер тарапынан да жоғары деңгейде ескерілді. Әскерде сержант шеніне дейін өскен Марсбек Рүстемұлы осы ерлігі үшін «Жауынгерлік қызметі үшін» медалімен наградталды.

Әскери өмір мектебінің темірдей тәртібін бойға жиып өзінің Қызылордасына оралған Марсбек ағамыз қаладағы тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылығы саласының бірқатар мекемелерінде маман ретінде еңбек жолын бастады. Ал коммуналдық сала қала тіршілігінің күретамыры саналатын, жауапкершілігі өте жоғары және ауыр сала екені белгілі. Жалпы Марсбек Рүстемұлы облыс халқының күнделікті өмір сапасына тікелей әсер ететін, қажырлы еңбекті талап ететін нақты секторда 40 жылға жуық еңбек етіп, Қызылорда қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы бөлімінің бастығы, қала әкімінің орынбасары, облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының бастығы лауазымдарына дейін сатылап өсті. «Қазақстанның құрметті құрылысшысы» атағымен марапатталды. Өндірістен қол үзбей жүріп Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалында инженер-құрылысшы мамандығы бойынша оқып, 26 жасында жоғары білім алып шықты.

Марсбек Рүстемұлы бұдан кейінгі кезеңдердегі еңбек жолында да коммуналдық шаруашылық саласынан алысқа ұзай қоймады. 2008 жылы Шиелі ауданының әкімі қызметін атқарып жүрген бүгінгі аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекұлының шақыруымен Шиеліге барып, кент әкімі қызметін 2011 жылға дейін атқарды. Сол кезеңде облыстағы ең жас аудан әкімі болса да көргені көп, тегеурінді талабы бар, жүктеген тапсырмасының орындалуын қатаң қадағалайтын Нұрлыбек Машбекұлы мен кент халқының сенімінен шықты.

Марсбек Рүстемұлымен екеуіміздің 1997 жылы Қызылорда қаласының әкімдігінде бірге қызмет атқарғанда басталған өзара әріптестігіміз кейін өзім де Нұрлыбек Машбекұлының сенім артуымен Шиелі ауданы әкімінің орынбасары лауазымына ауысқан сәтте одан әрі жалғасты. Шиелі топырағында туып-өсіп, перзенттік парызы мен жерлеріміздің сенімін ақтау мақсатында уақытпен санаспай, тәулік бойы бел жазбай қызмет етіп жүрген жігерлі басшымен тілдескен сайын оның білікті маман, қоғамшыл тұлға, ұстамды азамат екенін байыптай түстім. Осылайша Марсбек ағамызбен арамыздағы әріптестік байланыс көп ұзамай достық қарым-қатынасқа ұласты.

Сол кезеңдегі ауданның іскер басшысы Нұрлыбек Машбекұлының байыпты бастамалары мен тынымсыз ізденістерінің нәтижесінде аудан көш бастап, елді мекендер күн сайын жанарып, заманауи жобалар жүзеге асып жататын. Осындай жауапты сәтте Марсбек Рүстемұлы аудан әкімінің тапсырмаларын тиянақты жүзеге асыру мақсатында Шиелі кентінің әлеуметтік-инфрақұрылымдық дамуына айрықша серпін беруге, кенттің келбетін түбегейлі жаңғыртуға сүбелі үлес қосты. Оның ішінде көшелерге арнайы бағаналардағы жарық шамдары алғаш рет орнатылып,



кент ішіндегі жолдар кезең-кезеңімен кеңейтіліп, асфальтталды. Тіпті бұрын-соңды жолы жоқ шалғай үйлердің арасына көшелер салынып, абаттандырылды. Әсіресе, тазалық мәселесіне ерекше көңіл бөлініп, техника мен жұмысшы күшінің шектеулі болғанына қарамастан, кент ішіндегі санитарлық тазалық жұмыстары жүйелі жолға қойылды. Бау-бақша өсіретін кент тұрғындарының көктем шыға бастау мәселесіне айналған аяқсумен қамтамасыз ету жұмыстары да оң шешімін тапты. Жауа жүргіншілерге арналған көптеген тротуарлар салынды. Коммуналдық қызметтердің жұмысы бір арнаға түсіп, тоқтаусыз әрі сапалы қызмет көрсету деңгейіне көтерілді. Сонымен қатар, әлеуметтік нысандар, тұрғындардың тынығуына арналған аллеялар мен қоғамдық кеністіктер бой көтеріп, кенттің ажары ашылып, өмір сүруге қолайлы орта қалыптасты.

Өкінішке қарай, Марсбек ағамыз келместің кемесіне мініп, мәңгілік мекеніне аттанған сәтінен бері де 5 жылдың жүзі өтіпті. Көзі тірі болғанда биыл оның 63 жасқа толар шағы екен. Бұл қазақ халқының таным-түсінігінде өте қасиетті, ерекше мәнге ие кезең. Сондай-ақ даналық пен құрметтің, рухани кемелденудің шыны саналады. Өрине көңілдегі қимастыққа толы естеліктердің бәрін қағаз бетіне сыйғызу да қиын. Өйткені, марғасқа Марсбек досыммен бірге жүрген сәттер мен үшін үлкен өмір мектебі болды десем артық айтқандығым болмас. Елмен етене араласып, жұртшылықпен жақын болудың өмірлік тәжірибесін менгеру де оның ағалық өнегесімен өріліп, беки түсті.

Ұзақ жасайтынды көрінген аға-досым Марсбек осындай арда азамат еді...

Руслан РҮСТЕМОВ,
ҚР Парламенті
Сенатының депутаты

Біз бір ауданның азаматымыз, киелі Шиеліде кіндік кесіліп, текті топырақтан түлеп ұштық. Жасымызда біршама айырма бар, бірақ қызметтік қадам талай түйісті. Ол ақылман аға, мен ізетті іні болуға тырыстым.

АРДА АЗАМАТ ЕДІ

Заман ағымын аңдаған, көзі ашық, көкірегі ояу азамат ретінде еңбек жолын «Қызылорда электр желісі» кәсіпорнында электр слесарі болып бастап, қарапайым еңбектің қалыбында қорғасындай еріп, болаттай берік байлам жасап шықты. Содан бергі серпінді қадамы басқарма басшысына дейін өсіп, Марсбек Рүстемұлы ерік-жігері мықты, табанды, өзіндік көзқарасы бар, таным-талғамы тұрақты тұлға деңгейінде дараланды. Бір қарағанда, мінезі түйық, біртеге, артық сөз шығын етпейтін, ашылмаған сандық секілді құпия кісі деп ойлайтынбыз: Сөйтсек сөзі мұрдың оғандай, шешендік шеберлігі мол, әзілге бай, жайдары мінез иесі екен. Тақтысы, нағыз азамат, істің адамы, біреуге ниетімен залалы жоқ, әлдекімің сыртынан ғайбат айтуды білмейтін, жүрегі кең жігіт ағасы болатын.

Саққұлақ шешеннің «Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолғыншысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаушысы – мінез» дегеніндей, бұл бағамдау оның тұлға бойына тең келетін теңеу секілді. Адамды жан тереңдігі, ой кемелдігі жетілдірсе, ол өз атын кісілікпен көтерген кісі. Кішілігі де ат төбеліндей жоғары тұрды.

Шиелі ауданын Нұрлыбек Машбекұлы басқарып тұрған тұста Марсбек Рүстемұлы Шиелі кентінің әкімі болып, қажырлы қызмет етті. Туған жерде тоғысып, ауданның абыройын асқақтатуға екеуіміз де білек түрдік. Шаршадық демедік, шаруаның біткенін қаладық. Қазақтың «Жігіттің бағы емес, жұмыстың бабы билейді» дегеніндей, кентшілік жұмыс сірә біте ме, тоқтаусыз тірлік оған тәулік бойы тыным бермеді. Қайтсем, аудан орталығын ажарландырып, Шиелінің шырайлы келбетін қалыптастырамын деп тырысты. Қиналғанда да, қажығанда да Марсбек ағам елжанды қасиетінен бір мысқал танған жоқ. Жалпы, оның елдің ертеніне деген сенімі, мемлекет мүддесіне, ел тағдырына жанашырлық сезімі ерекше еді.

Кейіннен қызмет бабымен Қызылорда қаласына ауыстық. Тағы да тағдыр тоғыстырды. Ағамның ақыл-парасатына арқа сүйіп, өмірге нұсқа болатын кеңестерін тыңдадық. Сөйтіп, елге қызмет етуде ерінбеуді, әрбір еңбекті елеп-ескеруді, көптің жүгін көтеру мен олардың сенімінен шығу секілді адами болмыстың айшықты қырларын үйрендік.

Құрылыс саласының қажырлы қызметкері, кәсіби маман Марсбек Молдабаевтың соңғы қызметі облыстық мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы басқармасының басшысы лауазымы еді.

Марсбек ағаны еске алғанда мынадай ой тамызық орала кетті. Ол кісі сөздің адамы емес, істің адамы еді ғой, жарықтық. Өмірінің соңғы сәтіне дейін еңбектеніп өтті. Үйде байыз тауып отыра алмайтын, бос болғаннан гөрі әлдене шаруамен айналысуға әуестеу, бірақ ол туралы біреуге ләм-мим деместен өз білгенімен жүретін еді. Сәтті істердің сабақталуына өзек, тамаша табыстарға тілектес болған азаматтығы көпке белгілі. Ел оны ерен еңбегі үшін ерекше құрметтеді.

«Өмір деген қып-қысқа көрген түстей, қадірін білген дұрыс көрге түспей» деп данағой Баласағұн қалай біліп айтты. «Қамшының сабындай қысқа ғұмырда өз орныңды қалыптастырып, талай белесті бағындыруға талпын» дегені екен ғой бұл.

Ағамызды ажал айналдырып, соңына біржола түскенін кеш білдік. Өмірінде ауырлым деп айтпаған кісі ғой, жаны қиналғанын ешкімге сездірмеуге тырысты. Қолдан келер басқа шара болмады.

Биыл ардақты ағамыз Марсбек Рүстемұлы өнегелі өмірдің кемел жасына келер еді, әттең, оған тағдыр жеткізбеді. Амал нешік, тәңірдің өмірі тегеурінді.

Нұржан АХАТОВ,
Қызылорда қаласының әкімі

ҚАНЖАРДАЙ ӨТКІР, ҚАМҚАДАЙ ЖЫЛЫ БЕЙНЕСІ

Аймақ игілігіне мінсіз еңбегін арнап, жақсы аты қалған азаматтардың ішінде өмірден ерте озған Сыр перзенті Марсбек Молдабаев есімі де ерекше аталады.

Қызылорда политехникумын, Жамбыл гидромелиоративтік құрылыс институтының Қызылорда филиалын, Қызылорда инженерлік-экономикалық институтын бітірген. Ол үш бірдей оқу орнынан алған білімін, күш-қуатын туған жерін түлетуге жұмсаған абзал азамат еді. Еңбек жолын Қызылорда электр жүйесі кәсіпорнында 3-дәрежелі электр слесарі болып бастап, әр жылдары қалалық және облыстық бірнеше мекемеде басшылық қызмет атқарған.

Шиелі кентінің әкімі, Қызылорда қаласы әкімінің орынбасары болған.

Бір азаматқа атанның жүгін артқан осынша қызметтің барлығында да ол өзінің біліктілігімен қоса ақыл-парасатымен танылып, айналасына адами шуағын таратқан жан.

Адам атының ауыздан түспейтіні, мұсылманша айтсақ, жақсы амалдарының ел жадында жаңғырып, сол арқылы артынан үзбей сауап жолдарын тұруы – дәл осындай қасиеттерге қатысты болмақ.

Марсбек туғанда теледидарда марсқа спутник ұшыру жайлы сөз қозғалып жатыр екен. Сонда үлкен кісілер сол марсқа біздің баламыз ұшпады деп ырымдаса керек.

Марсбек шынында өзінің аз өмірінде қанша қызмет атқарып, елдің алғысын арқалады. Осының өзі марсқа ұшқаннан кем емес. Оның бойынан зиялылық, сабырлық анық сезіліп, сырмінез кейпі сыртқа теуіп тұратын. «Марсбек

естігенін біреуге айтпайтын. Оның осы қасиеті үшін оған жұрттың бәрі сенетін еді» дейді әріптестері.

«Сырды сақтау шеберлігі жан дүниенің байлығын көрсетеді. Ішінде су тұрмайтын тесік ыдыстың зияны секілді сыр сақтай алмайтын адамның пайдасы кем» деген тәмсіл бар. Шіркін-ай, біздің Марсбекке айтпақ болған анықтамалықтар ғұламалар баяғыда-ақ айттып қойыпты.

Марсбекпен жиі араласпаса да көрген жерде сәлеміміз түзу болды. Кейде ол маған жақын әңгімелескісі келетіндей ыңғай танытып қалатын. Оның мәнін кейінірек түсіндім. Ол олең жазды екен. Сонда ақындық жайында асықпай шешіліп сөйлескісі келіпті. Бірақ, тағдыр бізге ондай жақындық бұйыртпады.

Біз елге белгілі азаматтар жөнінде әңгіме айтсақ, есеп бергендей қызметімен шектеліп жатамыз. Асыл жанның болмыс кеніндегі қазынаны жарқыратып көрсетуді ұмытып кетеміз. Ардагер құрылысшы, Қызылорда қаласының құрметті азаматы Жеткерген Оразбайұлы Марсбек жөнінде былай дейді.

«2006 жылы Марсбекті қала құрылыс бөлімінің бастығы қылып бекітті. Бұл жұмыста ол өзін аяған жоқ.

Кейде маған келіп, ақыл сұрайды. «Ақша жетпейді, мұны одан әрі қалай қыламын?» дейді. Мен оған: «Жеткен жеріне дейін істе, жары жолдан тастама. Өзің тек адал бол, ешкімнен ештеңе дөметпе. Менің солай дегенім болмаса Марсбек әуел бастан солай, ешкімнен ештеңе дөметпейді, бұрыс нәрсені ымыраға келмейді.

Мұнан соң Марсбек қалалық «Су жүйесінің»

бастығы болды. Одан кейін тағы да «Комхозға» қайтып келді, басшылық қызмет жасады. Өйткені, жоғары тұрған басшылар Марсбектің бұл саланың барлық проблемасын білетінін, оны шешу жолдарын менгергенін жақсы түсінді.

Мен айтып отырған сол жылдары Марсбекпен бірге – Сәпихан, Қайрат, Мәлік, Роза Боханова секілді біраз азаматтар қызмет атқарып, абыройлы еңбек етті. Жақсы мамандар еді, жұмыстарына адал, қаланың қазанында қайнаған жаны сірі азаматтар болатын.

Марсбек адамды бағалауға, сыйлауға келгенде бөлекше. «Біз Жеткерген ағаның мектебінен шыққанбыз» деп айтып жүретін.

Сәпихан өмірден өтті, сонау Жаңақорғандағы Бесарық ауылына барып, жаназасына қатыстық. Мұндай шараларды ұйымдастыруға Марсбек бірінші болып кірісетін. Бәріміздің де әлеуетіміз бола тұра сондай кезде Марсбекке қарайтынбыз.

Жалпы, ол адамның жанын айтпай түсінетін. Өзінің қарамағындағы әр жұмысшының жеке жағдайын білетін. Біраз адамның үй алуына тікелей көмек берді. Өрине, кезегімен келсе, көп жылға созылатын жағдай болады, Марсбек барлық мүмкіндікті қарастырып, кезексіз көмектесетін. «Заң адам үшін жазылғанмен, адам заң үшін тумайды» деген сөз бар ғой, кейде Марсбек адамдарға көмектесуге келгенде заң көтермейді деген сөзге күйінетін. Сөйтіп, оларға бюджет көзіннен тыс, қоспақерлер арқылы көмектесуге ұмтылатын. Оның осы жақтары мен ерекше сыйладым, жұрт та жақсы көрді. Қоғамға, айналасына қажет адамдарға шапағатын тигізіп жүретін жан еді.

Марсбек міне, ұстазы суреттеген қамқадай

/// МЕРЕЙ

ҒАЛЫМНЫҢ ҒИБРАТТЫ ЖОЛЫ

Отандық археологияның дамуына сүбелі үлес қосып, білімі мен біліктілігін ғылымға арнаған белгілі ғалым, археолог, қоғам қайраткері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов мерейлі 80 жасқа толып отыр.



Мадияр Елеуовтың 1946 жылы 3 мамырда Шиелі ауданындағы Еңбекші ауылында дүниеге келген. 1965 жылы Шиелідегі №147 орта мектепті бітірді. Жастайынан аңыз әңгімелерді, тарихи дастандарды оқыған ол бала кезінен тарихшы болуды армандайды. Мектепті бітірген соң еңбек жолын туған ауылында бастады. Одан кейін әскери борышын өтеді. «Талаптыға нұр жауар» демекші, 1970 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетіне оқуға түсті. Студенттік кезеңнің екінші жылы тарих факультетінде «Археология және этнография» кафедрасы ашылды. Кафедраға жан-жақтан мықты кәсіби археологтар жиналып, студенттерге өзі жүргізіп жүрген зерттеулер, Қазақстан тарихына қатысты қызықты мәліметтер бойынша дәріс оқиды. Сол дәрістер Мадияр Елеуовтің «тарихшы болсам» деген арманын әрі қарай жетелеп, болашақ мамандық бағытын археологияға бұрына алып келеді.

Ол алғашқы зерттеу жұмысын 1973 жылы Түркістан археологиялық экспедициясының құрамында ортағасырлық Түркістан қаласы орнында жүргізіліп жатқан қазбадан бастайды.

Университетті 1975 жылы үздік бітіріп, армандаған мамандығының иесі атанды. Сол жылы жолдамамен Қызылорда облыстық мәдениет басқармасына жұмысқа жіберіліп, балықтық тарихи-өлкетану музейінде аға ғылыми қызметкер болып қабылданады. Музейде жүріп археологияға деген қызығушылығы арта түседі. Сол қызығушылық, жастайынан арманы оны өз оқыған оқу ордасы – ҚазҰУ-ге қайта алып келеді. 1976-1999 жылдары Әл Фараби атындағы ұлттық университетте лаборант, ассистент, аға оқытушы, доцент, докторант, ал 1999-2001 жылдары Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті археология және жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі, 2001 жылы Қ.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті археология, этнология және мұражай ісі кафедрасының меңгерушісі, 2002-2008 жылдарда осы университеттің археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры, 2008 жылдан бері Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті археология, этнология және

музеология кафедрасының профессоры, Археология және антропология республикалық ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері, «Археолог» халықаралық ғылыми-зерттеу орталығы» ЖШС директоры, Сарайшық ортағасырлық қаласындағы қазба жұмыстарына ғылыми сарапшы.

Сондай-ақ ол ортағасырлық Ақтөбе қаласының ЮНЕСКО қорғауына «Чангъань-Тянь-Шань коридорындағы Ұлы Жібек жолы нысандары: Қойлық, Қармерген, Талғар, Ақтөбе, Ақыртас, Құлан, Қостөбе, Өрнек қалалары» атты атаумен енуіне белсенді атсалысқан.

Профессор М.Елеуов еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштерін есепке алу, қорғау және қайта қалпына келтіруге Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл облыстарында кең көлемде зерттеу жұмыстарын жүргізіп, 3000-нан аса түрлі тарихи кезеңдерден сақталған археологиялық ескерткіштерді ашып, ғылыми айналымға енгізген. Солардың қатарында ортағасырлық Ақтөбе, Қарашық, Қышқала, Үтіртөбе қалалары және Сауысқандық шатқалдарындағы тасқа салынған суреттер бар. Тек Шиелі ауданынан 53 оба, 21 тасқа салынған сурет, 28 елді мекен, қала, Жаңақорған ауданынан 181 оба, 15 тасқа салынған сурет, 25 елді мекен, қаланы ашқан.

Ғалымның жетекшілігімен «Тұран археологиялық экспедициясы» табиғи апаттан (өзен шайып) және XX ғасырда жүргізілген шаруашылық жұмыстары кезінде бұзылған және бұзылып жатқан ортағасырлық елді мекендер мен қалаларда зерттеу жұмыстарын жүргізіп, оларды келешекте туристік нысандар қатарына қосу үшін нақты шараларды іске асырды. «Тұран археологиялық экспедициясы» Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарын қамтыды.

Профессор 400-ден аса ғылыми мақаланың, бірнеше монография мен жоғары оқу орны студенттеріне арналған жазылған оқу құралының авторы. Сондай-ақ «Мәдени мұра» ұлттық стратегиялық бағдарлама-сымен жарық көрген «Қызылорда облысы тарих және мәдениет ескерткіштері», «Оңтүстік Қазақстан тарих және мәдениет ескерткіштері», «Жамбыл облысы тарих және мәдениет ескерткіштері», «Мырза-

шөл тарих және мәдениет ескерткіштері» жинағының тең авторы.

М.Елеуовтің жетекшілігімен жүргізілген Қызылорда облысының көрнекті ескерткіші Қышқала қаласындағы сегіз қырлы медресе орны, Түркістан облысы, Қарашық ортағасырлық қаласынан Орта Азиядағы ең үлкен қыш күйдіретін пеш, қонақүй орындарының, қыш құдықтың ашылуы Қазақстан археологиясында үлкен жаңалық болды. Қазба жұмыстарынан алынған артефактілер ҚР Ұлттық музейі, Қызылорда, Жамбыл, Түркістан облысы музейлері, Әл Фараби атындағы ҚазҰУ, «Археология» оқу музейі қорына табысталған. Ортағасырлық Ақтөбе қаласынан алынған артефактілер Тараз қаласындағы музейлердің негізгі археологиялық қорын құрайды.

М.Елеуов 2013 жылы облыс әкімдігі жанынан құрылған тарихи-мәдени мұраларды қорғау және пайдалану жөніндегі ғылыми әдістемелік кеңес төрағасының орынбасары және кеңес жанынан құрылған далалық комиссия төрағасы ретінде Шірік Рабат, Жанкент, Сығанақ және Сортөбе-1 қалашықтарында жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарына үлес қосты.

Археолог-ғалым туған жері Шиелі ауданының тарихи-өлкетану музейінің ашылуына мұрындық болған. Осы музейде ғалымға арналған арнайы экспозиция бар. 2016 жылы М.Елеуовке Шиелі ауданының құрметті азаматы атағы берілді.

Жалпы, М.Елеуовтің табанды әрі табысты еңбегі лайықты бағаланып жүр. Атап айтқанда, 2006 жылы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталып, 2009 жылы жоғары оқу орнының үздік оқытушысы атанса, 2010 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілді. 2023 жылы «Қазақстанның үздік ғылыми қызметкері» төсбелгісімен, 2024 жылы «Парасат» орденімен марапатталды.

Мерейлі сексен жасқа толып отырған ұлағатты ұстаз, атакты ғалымның өмір жолы ғибратқа толы. Оның қазақ ғылымына, отандық тарих, археология саласына қосқан үлесі ұшан теңіз.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»


/// КӘСІП

АДАЛ ЕҢБЕКТИҢ ТӘТТИ ЖЕМІСІ



Бүгінде Қызылорда ақ күрішімен, қара алтынымен ғана емес, тәттілерімен де мақтана алатын аймаққа айналды.

Күн сайын көркейіп келе жатқан туған шаһарымызда тағы бір көрікті ғимараттың ашылу салтанаты болып өтті. Ол – үлкен сұранысқа айналған «Ainur's cakes» кондитерлік өнімдерінің ордасы. Бұл қадам кәсіпкер Айнұр Баймаханова негізін қалаған қаламыздағы тәттілер әлемінің жаңа белеске шыққанын дәлелдегендей.



2016 жылы үй жағдайында алғашқы торттарын пісіре бастаған кәсіпкер 2018 жылы Астана қаласында шеберлік класына қатысып келген соң, кондитерлік цех пен дүкен ашу жоспары үшін жолдасы Қанат Байжановпен бірлесіп, күн-түні еңбек етті. Осы еңбектің нәтижесінде қазір қалада асортиментке бай, тек десерттер ғана емес, дәмді тағамдар да дайындалып жүзеге тарта жұмысшы мамандары бар төрт дүкен іске қосылып отыр.

Енді міне, «Ainur's cakes» қызылордалықтарға жаңа кәсіпкерлік, 1180 шаршы метр аумақты алатын заманауи

кондитерлік цех пен «Croissant» кофейнясын тарту етті.

Кәсіпкер жаңа дәм сарайының ашылу салтанатында келушілерге тегін тәттілер үлестіріп, сонымен бірге бағалы сыйлықтар ұтып алуға мүмкіндік жасады.

Қала тұрғыны А.Берікжан былай дейді: «Мен Айнұрдың тәттілерін қазір әр үйдің дастарқанынан көріп жүрмін. «Ainur's cakes» тұрақты сатып алушыларына да түрлі жеңілдіктер көрсетеді. Сонымен бірге үнемі тұтынушылармен байланыс орната біледі, қызметкерлеріне қаржылық қолдау көрсетеді».

Әрине, көп көңілінен шығу үшін еңбекпен бірге елшілік қасиеттер де керек. Біз де жұртқа жақын болған жас кәсіпкерлерге адал еңбектің тәтті жемісін тілейміз.

Дүйсенбек АЯШУЛЫ,
«Сыр бойы»



Жарнама бергіңіз келсе, 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

Қазіргі таңда мемлекеттік қызметтің тиімділігі тек қабылданған шешімдердің сапасымен ғана емес, сол шешімдерді жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілердің кәсіби және адами қасиеттерімен де тығыз байланысты. Осы ретте әдеп нормаларын сақтау – мемлекеттік қызметтің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Мемлекеттік қызметші – халық пен билік арасындағы негізгі байланыстырушы буын. Сондықтан оның әрбір іс-әрекеті, сөйлеген сөзі, азаматтармен қарым-қатынасы қоғам тарапынан ерекше бақылауда болады. Осыған байланысты мемлекеттік қызметшілер өз қызметін атқару барысында жоғары мәдениет пен жауапкершілік танытуы тиіс. Қазақстан Республикасында мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлқы арнайы Әдеп кодексімен реттеледі. Аталған құжатта қызметшілердің негізгі қағидағары айқындалған. Атап айтқанда, адалдық, әділдік, ашықтық, жауапкершілік және сыпайылық – әрбір мемлекеттік қызметшінің күнделікті жұмысында басшылыққа алатын басты ұстанымдары. Әдеп нормаларының негізгі талаптарының бірі – азаматтарға құрметпен қарау. Мемлекеттік қызметші халықпен қарым-қатынас барысында дөрекілікке жол бермей, әрбір өтініш пен шағымды мұқият қарауы тиіс. Азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – оның басты міндеті.

Сонымен қатар, қызметтік өкілеттіктерді жеке мақсатта пайдалануға жол

берілмейді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру, мүдделер қақтығысын болдырмау – мемлекеттік қызметшінің кәсіби адалдығының көрсеткіші. Бұл талаптарды сақтау мемлекеттік органдарға деген сенімді арттырады.

Қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлқы та әдеп нормаларының маңызды бөлігі болып табылады. Мемлекеттік қызметші қоғамдық орындарда өзін ұстай білуі, әлеуметтік желілерде жауапкершілікпен пікір білдіруі қажет. Себебі оның әрекеті тек жеке бөделіне ғана емес, жалпы мемлекеттік қызметтің имиджіне әсер етеді.

Қорытындылай келе, мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормалары – бұл ғана талаптар жиынтығы емес, ол қоғам сенімін қалыптастыратын негізгі құрал. Әдептілік пен кәсібилікті ұстастыра білген мемлекеттік қызметші ғана өз міндетін сапалы атқарып, ел дамуына үлес қоса алады. Осы жұмыстарды ұйымдастыру үшін әдеп жөніндегі уәкіл мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарды облыстық аумақтық инспекция ғимаратында әр аптаның сәрсенбі, жұма күндері жұмыс уақытында жеке қабылдау жүргізеді. Жұмыс телефоны: 8(7242)40-03-90.

Б.БАЗАРХАНОВ,
ҚР АІІМ ВБЖҚК-нің
Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының
әдеп жөніндегі уәкілі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотында талап қоюшы Қызылорда облысы бойынша Жер ресурстарын басқару департаментінің талап арзын қарау 2026 жылы 15 мамыр сағат 10.00-ге тағайындалды. «Аққұм Жер» ЖШС-ның қатысушылары жауапкер жағындағы үшінші тұлғалар ретінде тартылды.

«Аққұм Жер» ЖШС әкімшілігі

Қоғамдық тыңдаулар туралы хабарландыру

«РҮ-6» ЖШС «Солтүстік Қарамұрын және Оңтүстік Қарамұрын кен орындарында уран өндірудің салдарын жою (өзектендіру)» жобасы бойынша ашық жиналыс форматында қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

- Қоғамдық тыңдаулар өтеді:
- 1) 2026 жылғы 03 маусым, сағат 10:00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі а.о., Көкшоқы шағын ауданы 8, «Арман мәдениет үйі» МККК.
 - 2) 2026 жылғы 03 маусымда сағат 15:00-де Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Ақмая а.о., Ақмая а., Абай Құнанбаев көшесі, «Мәдениет үйі» ғимараты мекенжайы бойынша.
 - 3) 2026 жылғы 04 маусымда сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Екпінді а.о., Екпінді а.о., Б.Алмасбаев көшесі №18, Екпінді ауылдық округі әкімдігі мекенжайы бойынша.

Карантиндік шаралар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар «ZOOM» бағдарламасы арқылы өтетін болады. Интернеттегі байланыс сілтемесі: <https://us05web.zoom.us/j/3702060689?pwd=ZeWS1m9YvCwvBaBgzvAsRZPKT1rT0.1&omn=82926511448>

Конференция идентификаторы: 370 206 0689
Кіру коды: 8SCsyз
Әсер ету аумағы: «Қызылорда облысы, Шиелі және Жаңақорған ауданы Солтүстік Қарамұрын және Оңтүстік Қарамұрын кен орны». Географиялық координаттары N44.09524113° E66.80316170° N44. 01208901° E66. 84607705°

Жоба материалдары сайтта орналастырылған <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ «Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordatabigat/documents/?lang=ru>

Жоспарланған кызмет туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ құжаттардың көшірмелерін «РҮ-6» ЖШС, 120710, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бөйтерек ауылдық округі, Бидайкөл ауылы, Бидайкөл шатқалы, 3-күрлыс немесе эл мекенжайы бойынша сұратуға болады: у.nikitina@iht.kazatomprom.kz, тел.: 8 702 000 17 60.

Мүдделі жұртшылық өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық нысанда қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде эл-ге жібере алады. Мекен-жайы Қызылорда облысының Табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62, 605369 немесе <https://ndbecology.gov.kz/>.

Бастамашысы: «РҮ-6» ЖШС, 120710, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Бөйтерек ауылдық округі, Бидайкөл ауылы, Бидайкөл шатқалы, 3-күрлыс, БСН 060440002000, AIdrisov@rub.kazatomprom.kz

Әзірлеуші: «Жоғары технологиялар институты» ЖШС, Алматы қ., Бөгенбай батыр к-сі, 168, тел.: +7 (702) 6127738, БСН 020240001938, у.nikitina@iht.kazatomprom.kz

Объявление о проведении общественных слушаний

ТОО «РҮ-6» проводит общественные слушания в формате открытого собрания по Проекту «Ликвидация последствий добычи урана на месторождениях Северный Карамурын и Южный Карамурын (актуализация)».

- Общественные слушания пройдут:
- 1) 03 июня 2026 г., в 10:00 часов по адресу Кызылординская область, Шиелийский район, Шиелийский с.о., с.Шиелі, микрорайон Кокшоқы 8 ГККП (Дом Культуры Арман).
 - 2) 03 июня 2026 г., в 15:00 часов по адресу Кызылординская область, Шиелийский район, Ақмаянский с.о., с. Ақмая, улица Абай Құнанбаев, здание «Дом культуры».
 - 3) 04 июня 2026 г., в 11:00 часов по адресу Кызылординская область, Жаңақорғанский район, Екпіндинский с.о., с. Екпінди, улица Б.Алмасбаев №18, акимат сельского округа Екпінди.

В случае введения карантинных мер общественные слушания будут проходить посредством программы «ZOOM». Ссылка на онлайн-подключение: <https://us05web.zoom.us/j/3702060689?pwd=ZeWS1m9YvCwvBaBgzvAsRZPKT1rT0.1&omn=82926511448>

Идентификатор конференции: 370 206 0689
Код доступа: 8SCsyз
Территория воздействия: «Кызылординская область, Шиелийский и Жаңақорғанский район месторождения Северный Карамурын и Южный Карамурын». Географические координаты N44.09524113° E66.80316170° N44.01208901° E66.84607705°

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz/>, также на сайте МИО «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylordatabigat/documents/?lang=ru>

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, а также запросить копии документов можно по адресу ТОО «РҮ-6», 120710, Республика Казахстан, Кызылординская область, Шиелийский район, сельский округ Бөйтерек, село Бидайкөл, урочище Бидайкөл, Строение 3 или эл. адресу: у.nikitina@iht.kazatomprom.kz, тел.: 8 702 000 17 60.

Заинтересованная общественность может направить свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на эл. адрес Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, г.Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №1, тел.: 8-(7242)-60-53-62, 605369 либо на <https://ndbecology.gov.kz/>.

Инициатор: ТОО «РҮ-6», 120710, Республика Казахстан, Кызылординская область, Шиелийский район, сельский округ Бөйтерек, село Бидайкөл, урочище Бидайкөл, Строение 3, БИН 060440002000, AIdrisov@rub.kazatomprom.kz

Разработчик: ТОО «Институт высоких технологий», г. Алматы, ул. Бөгенбай батыр, 168, тел.: +7 (702) 6127738, БИН 020240001938, у.nikitina@iht.kazatomprom.kz

/// ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ



ЦИФРЛЫҚ ДӘУІР ЖӘНЕ СТАТИСТИКА

Цифрландыру – мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі. Осыған сәйкес, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «2026 жыл – Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» деп жариялап, Қазақстан толыққанды цифрлық мемлекетке айналуы тиіс деген стратегиялық мақсат қойды.

Экономиканың дамуына серпін беретін цифрландыру барлық салада негізгі рөл атқарады. Осы ретте, азаматтар мен бизнес үшін қолжетімді әрі ашық жүйе қалыптастыру мақсатында мемлекеттік қызметтерді цифрлық форматқа көшіру бағытындағы жұмыстар статистика саласында да кеңінен жүргізіліп келеді.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті де осы бағытта қоғаммен өзара іс-қимылды жеңілдетуге және статистикалық деректердің сапалы болуына байланысты жүйелі жұмыстарды дамытуда.

Осыған сәйкес бүгінде департаменттің «Бір терезе» қағидасымен жұмыс жасайтын жүйесі жаңғыртылды. Бұл жаңа технологияларды енгізу арқылы еңбек өнімділігін арттыру, сыбайлас жемқорлықты болдырмау, респонденттермен арада әділдік, ашықтық, сыпайылық және респонденттерге бағдар беру мақсатын қамтиды. Жаңғырту аясында «Бір терезе» кабинетінде электрондық табло, бейнебақылау орнатылып, электрондық кезек енгізілді. Бұл өз кезегінде респонденттер ағынын реттеуге және жұмыстың ашықтығын арттыруға мүмкіндік берді.

Электрондық табло тек кезекті реттеп қоймай, әр респондентке дұрыс бағыт-бағдар беретін тиімді құралға айналды. Атап айтқанда, ол келушілерге:

- статистикалық есептілікті тапсыруға;
- өзіне-өзі қызмет көрсету аймағында жұмыс істеуге;
- статистикалық есептілік бойынша түсіндірме алуға бағыт береді.

Сонымен қатар, «Бір терезе» кабинеттерінде респонденттерге статистикалық есептілікті электрондық жүйе арқылы ғана емес, қажет болған жағдайда қағаз түрінде де өз бетінше тапсыруға мүмкіндік жасалған.

Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департаменті елімізде алғашқылардың бірі болып статистика саласындағы жаңартылған цифрландыру жүйесін жүзеге асырды.

«Бір терезе» жүйесін жаңартудағы негізгі мақсат – қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенім деңгейін қалыптастыру, халықпен кері байланыс орнату, респонденттерге жүктемені азайтып әрі уақытты тиімді пайдалануларын қамтамасыз ету. Қазіргі таңда респонденттер 91 статистикалық нысан бойынша есеп жүргізеді. Респонденттердің басым бөлігі бастапқы статистикалық деректерді жұмыс орындарында, үй жағдайларында онлайн форматта тапсырады. Соның нәтижесінде «Респондент кабинеті» арқылы электрондық түрде ұсынған респонденттердің үлесі 96,4 пайызға жетті.

Мемлекеттік статистика – қоғам дамуының айқын көрсеткіші және стратегиялық шешімдердің сенімді негізі. Нақты әрі сапалы деректер арқылы экономика, әлеуметтік саланың және өңірлердің даму бағыты айқындалады. Дерекке сүйенген басқару – елдің тұрақты өсімі мен болашағының кепілі.

Статистика – өңір экономикасын тиімді жоспарлаудың негізгі құралы. Ол нақты деректер арқылы салалардың даму деңгейін бағалап, басым бағыттарды айқындауға мүмкіндік береді. Сенімді статистикалық мәліметтер негізінде қабылданған шешімдер өңірдің тұрақты экономикалық өсімін қамтамасыз етеді.

Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыс жалғасып, цифрлық құралдарды дамыту мен респонденттер үшін қолайлы жағдай жасау ұдайы назарда болмақ. Пайдаланушылар және респонденттермен әрдайым кері байланысты қолдау мақсатында Ұлттық статистика бюросының фронт-офисі құрылды. Статистикалық нысандарға, соның ішінде электрондық түрде тапсыруға қатысты туындаған сұрақтар бойынша «1446» бірыңғай байланыс орталығына жұмыс күндері 09:00-18:00 аралығында хабарласуға болады. Статистикалық есептілік нысандарын жетілдіру бойынша ұсыныстар үшін телеграмм bot https://t.me/statgovkz_bot жұмыс жасайды.

Қайрат ӘБСУЛТАНОВ,
ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Қызылорда облысы бойынша департамент басшысы

Қызылорда облыстық қоғамдық даму басқармасы қоғамдық келісім және тілдер орталығының директоры Бақытжан Камаловтың айтуынша, «Достық үйінде» 38 қызметтік кабинет бар. Мұнда облыстағы этномәдени бірлестіктерге, қоғамдық ұйымдарға және бірқатар құрылымдарға арнайы орын берілген.

Қазіргі таңда Қызылорда облысында 30-ға жуық этнос өкілі тұрады. Өңірде 11 этномәдени бірлестік ресми тіркелген. Жаңа ғимаратта олардың өз тілін, мәдениетін, өнерін, дәстүрін дамытуына барлық жағдай жасалған. Кабинеттерден бөлек, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін оқытуға арналған бөлмелер, би залы, шығармашылық бағыттағы кеңістіктер қарастырылған.

– Жаңа ғимараттың басты ерекшелігі – мұнда тек этномәдени орталықтар ғана емес, қоғамдық құрылымдар да бір шаңырақ астында жұмыс істейді. Екінші қабатта Азаматтық альянс, облыстық және қалалық ардагерлер кеңесі орналасқан. Үшінші қабатта түрлі ұйымдар мен мекемелерге арналған кабинеттер бар. Өңірдегі қоғамдық келісім, азаматтық бастамалар мен мәдени байланыстар тоғысатын ортақ алаңға айналды, – дейді ол. – Жаңа нысан ашылғаннан кейін мұнда бірқатар ірі іс-шаралар ұйымдастырылды. Соның ішінде Ұлттық құрылтайдың Қызылордада өтуі «Достық үйінің» қоғамдық маңызын арттыра түсті. Мұнда ел дамуына қатысты ұсыныстар айтылып, қоғамдық келісім, саяси жаңғыру, экономикалық даму, ұлттық бірегейлік мәселелері кеңінен талқыланды. Күнделікті жұмыс та жүйелі жолға қойылған. Этномәдени бірлестіктер мерекелік шаралармен ғана шектелмей, тіл үйрету, қайырымдылық, ардагерлерге құрмет көрсету бағытында белсенді жұмыс жүргізеді. Ассамблея жанындағы аналар кеңесі, ақсақалдар кеңесі, жастар қанаты, медиация орталығы, журналистер клубы сияқты құрылымдар да осы ортақ мақсатқа қызмет етеді.

Мәселен, корей этномәдени орталығы – жаңа ғимаратта белсенді жұмыс істеп келе жатқан ұйымдардың бірі. Орталық төрайымы Елена Аньин айтуынша, Қызылорда облысында шамамен 8000 корей тұрады. Орталық арқылы жастардың Кореядағы білім беру бағдарламаларына қатысуына, колледждер мен университеттерге түсуіне, түрлі лагерлерге баруына қолдау көрсетіледі. Корей тілін тегін үйренуге мүмкіндік бар. Сабактар аптасына екі рет өткізіледі. Сонымен қатар, корей мәдениеті, биі, асханасы мен салт-дәстүріне қызығатындардың барлығына есік ашық.

– Орталық шетелдік қонақтары да қабылдайды. Қызылордадағы корей халқы үшін тарихи маңызы бар мемориалдық кешенге де келушілер көп. Сондай-ақ Социаль мерекесі, корей мәдениеті фестивалі, дәстүрлі тағамдар күні сияқты іс-шаралар арқылы орталық өз мәдениетін көпшілікке таныстыратын болады. Мұнда жастар, орта буын және ардагерлер бірге бас қосып, ұрпақтар сабақтастығын сақтауға мән береді, – деп атап өтті Е.Ан.

Қырғыз этномәдени орталығы да белсенді бірлестіктердің қатарында. Орталық төрағасының орынбасары Гани Қасымовтың айтуынша, ұйым 2010 жылы құрылған. Қызылорда қаласында шамамен 100-ге жуық қырғыз отбасы бар. Орталық алдағы уақытта жастар қанатын құрып, спорттық және мәдени бағыттағы жұмысты жандандыруды жоспарлап отыр.

Қырғыз этномәдени орталығы Қырғызстан өнер ұжымдары мен, Қазақстанның 9 облысындағы қырғыз этномәдени бірлестіктерімен байланыс орнатқан. Жаңа ғи-

1-бет

/// ФУТБОЛ

«ҚАЙСАР» КУБОКТЫҢ ШИРЕК ФИНАЛЫНДА

«Қайсар Аренада» өткен тартысты кездесуде қызылордалық «Қайсар» Қазақстан кубогының 1/8 финалында ел чемпионы, алматылық «Қайратты» 2:1 есебімен жеңіп, келесі кезеңге өтті.

Матчтың алғашқы минуттарынан-ақ алаң иелері белсенділік танытты. Төртінші минутта «Қайсар» есеп ашты. Айбол Әбікен орындаған айып соққысын қақпашы Шерхан Қалмұрза қайтара алғанымен, доп бірінші болып жеткен Ерсултан Қалдыбеков тораға дәл бағыттады. Бұл гол ойынның қарқынын арттырып, екі команда да шабуылға көбірек көңіл бөле бастады.

Бірінші таймда алматылық ұжым есепті теңестіруге тырысқанымен, қызылордалықтардың қорғанысы сыр бермеді. Екінші таймда да ойын тең дәрежеде өрбіді. 61-минутта «Қайсар» басымдығын еселей түсті. Батырхан Тәжібай қарсылас қақпасын дәл көздеп, есепті 2:0-ге жеткізді.

Кездесудің екінші кезеңінде «Қайрат» таразы басын теңестіруге бар күшін салды. Нәтижесінде,

ойын соңында Азамат Тұжбаев бір гол соғып, есеп айырмасын қысқартты. Алайда бұдан әріге алматылықтарға мүмкіндік бермеген «Қайсар» жеңісті ұсынып шығарған жоқ. Осылайша, 2:1 есебімен жеңіске жеткен қызылордалық команда Қазақстан кубогының ширек финалына жолдама алды. Келесі кезеңде «Қайсар» қостанайлық «Тобылмен» кездесіп, жартылай финалға шығу үшін бақ сынамайды.

Аружан АБЫЛАЙ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2-курс студенті



ТАТУЛЫҚ пен КЕЛІСІМ МЕКЕНІ



мараттың кең әрі заманауи мүмкіндіктері бұл жұмысты одан әрі дамытуға жол ашып отыр. Ғ.Қасымов қазақ пен қырғыз халқының мәдениеті, тұрмыс-салты, ұлттық ойындары мен тілі өте ұқсас екенін атап өтті.

– Орталықта үлкен кісілерді аралап, хал-жағдайын сұрау, мерекелерде басқосу, Наурыз бен Құрбан айтты бірге атап өту дәстүрге айналған. Алдағы уақытта шахмат, волейбол және басқа да спорттық бағытта бойынша жастарды тарту көзделіп отыр, – дейді ол.

Сыр өңірінің рухани-әлеуметтік өмірінде айрықша орын алатын жаңа «Достық үйі» – бүгінгі күні тек этностар мәдениетін танытатын алаң ғана емес, қоғамдық келісім мен азаматтық бастамалардың тұғырлы орталығына айналған заманауи кешен. Сәулеті келіскен еңселі ғимарат Қызылорда қаласының көркін айшықтап қана қоймай, мазмұны жағынан да терең мәнге ие.

Бұл – Қазақстан халқы Ассамблеясы мен өңірдегі этномәдени

бірілестіктердің, қоғамдық ұйымдардың өзара ықпалдастығын күшейтуге бағытталған кеңістік. Ғимарат ішіндегі әрбір кабинет нақты міндетке бейімделіп, түрлі бағыттағы жұмыстардың жүйелі жүргізілуіне мүмкіндік береді.

Мәселен, этномәдени бірлестіктерге арналған арнайы кабинеттерде әр этностың салт-дәстүрі дәріптеліп, тілдік және мәдени жобалар жүзеге асады. Мұнда ұлттық мерекелерді ұйымдастыру, колөнер көрмелерін өткізу, жастарға этникалық құндылықтарды насихаттау жолға қойылған. Облыстық және қалалық ардагерлер кеңесіне бөлінген жұмыс бөлмелері – өмір тәжірибесі мол буынның бас қосып, жас ұрпаққа тағалымды тәрбие беретін, кездесулер мен ашық сұхбаттар өткізетін орны.

Азаматтық Альянс өкілдерінің кабинеттері қоғамдық бастамаларды үйлестіруге арналған. Бұл жерде үкіметтік емес ұйымдар өз жобаларын талқылап, әлеуметтік маңызы бар бағдарламаларды жү-

зеге асыруға бағыт алады. Сонымен қатар медиация орталығы да осы ғимараттан орын тапқан. Мұнда кәсіби медиаторлар тұрғындар арасындағы дау-дәмәйларды бейбіт жолмен шешуге атсалысып, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауға үлес қосады.

Ғылыми-сарапшылық топтарға арналған кеңселерде сарапшылар қоғамдық қатынастардың дамуына қатысты ұсыныстар әзірлейді. Ал музей бұрышы өңірдегі этностардың тарихи мен мәдени мұрасын насихаттап, келушілерге танымдық мағлұмат береді.

Жастарға арналған шығармашылық кабинеттер ерекше назар аударды. Домбыра сыныбында ұлттық өнердің қыр-сыры үйретілсе, ән үйіріндегі вокалдық қабілет шыңдалады. Би залында түрлі бағыттағы хореография сабақтары өткізіліп, жас таланттардың сахналық мәдениеті қалыптасады. Бұл бағыттар өскелең ұрпақтың рухани дамуына жол ашады.

Ғимараттағы 200 орындық концерт залы – ірі мәдени шаралардың орласы. Мұнда фестивальдер, концерттер, форумдар ұйымдастырылып, өнер мен мәдениеттің кең тынысы сезіледі. Ал 50 орындық акт залы шағын форматтағы жиналдар, кездесулер, семинарлар өткізуге ыңғайлы.

«Достық үйінің» қызметі тек мәдени шаралармен шектелмейді. Мұнда қоғамдық келісімді нығайту, мемлекеттік тілдің қолданысын аясын кеңейту, қайырымдылық акцияларын өткізу, тарихи сананы жаңғырту бағыттары қатар өрбиді. Бірлік күні, Ұлы Жеңіс күні, Наурыз мейрамы, Құрбан айт секілді мерекелер кең көлемде аталып өтсе, «Таза Қазақстан» акциясы аясында сенбіліктер мен қоғалдандыру жұмыстары тұрақты түрде ұйымдастырылады.

Аналар кеңесі әскери бөлімдермен тығыз байланыс орнатып, сарбаздарға рухани қолдау көрсетсе, Наурыз мерекесі кезінде ұлттық киімдер шеруі, қайырымдылық іс-шаралар мен тазалық науқандары өткізіледі. Ардагерлер кеңесі жастармен жүздесіп, ұрпақ сабақтастығын нығайтуға үлес қосады. Ал жастар қанаты мәдени, спорттық және әлеуметтік жобаларға белсенді қатысып, жаңа идеялардың жүзеге асуына серпін береді.

Бүгінде «Достық үйі» – нақты мақсатқа қызмет ететін, қоғамның түрлі буынын бір арнаға тоғыстыратын бірегей орталық. Мұнда бір кабинетте тіл үйретсе, енді бірінде өнерге баулиды, тағы бірінде қоғамдық бастамаларға қолдау көрсетіледі.

Іргетасы Бірлік күні қаланып, жаңа жылдың алғашқы күндерінде ел игілігіне берілген бұл кешен атауына сай шынайы достық пен келісімнің мекеніне айналды. Сыр жұртшылығы үшін бұл – ортақ құндылықтарды ұлықтайтын, бірлік пен ынтымақты бекемдейтін қасиетті орта.

Бағлан АМАНЖОЛ,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrboi.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИЯ

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1033)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсыры бойынша төленеді, қолжазба өңделді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» – ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.